

Жаңа форматтағы жарқын жүздесу



2-бет

Сотқа сенім артса игі...




3-бет

Қоршаған орта



4-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz

СЕНБИ, 5 ТАМЫЗ, 2023 ЖЫЛ №86 (23 262)

www.facebook.com/ortalyq.kz info@ortalyq.kz

• БӘРЕКЕЛДІ!

Ән мерейі өскен күн

Бүгінгі күн Ақжолтай хабармен басталды. Қазақ дәстүрлі ән өнерінің Арқадағы ірі өкілі, дүлдүл әнші Ержан Базарбек Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Бұл – кенді аймақтың ортақ қуанышы.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»



Астанадан арнайы келген қазақ айтыс өнерінің ақсәгері, Парламент Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтай әншіге аталған марапатты табыстады.

Ержан Базарбек – Біржан сал, Ақан серідей дүлдүлдердің жалғасы. Ол халық әндерін 20 жылдан бері кеңінен насихаттап жүр. Дарын иесі бірқатар республикалық, халықаралық байқауда жеңімпаз атанған. Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты. Республикалық Ж.Елебеков атындағы байқаудың бас жүлдесін иеленген.

«Ержанның ән айту шеберлігі – Арканың байтақ даласындай кең тынысты, қуатты. Оның басқа әншілерден бір ерекшелігі нәрлі дауысымен өзі орындаған әнді жүрекпен, жан дүниесімен сезініп, әннің күдіретін барлық болмысымен жеткізе білуінде жатыр», – дейді филология ғылымдарының докторы, профессор Қойлыбай Асан.

«Шамам келгенше әнге, өнерге адалмын. Дәстүрлі әннің мақамын бұзбай, қаз-қалпында келер ұрпаққа жеткізу – менің басты арнамым. Еңбегімді елеп-ескеріп, осындай марапат ұсынған министрлікке алғыс айтамын», – деді әнші.

Қазіргі таңда «Қазақ радиосының» алтын қорында Ержан Базарбектің орындауындағы 15 ән бар екенін айта кеткен жөн.

• БІЛІМ

Бірінші сыныпта 16 мың бала

Елімізде балаларды бірінші сыныпқа қабылдау мерзімі аяқталды. Құжаттарды қабылдау толық төрт ай, яғни, 1 сәуірден 1 тамызға дейінгі аралықта жүргізілген болатын. Осы мерзім ішінде ел көлемінде ата-аналардан 377 681 өтініш түскен. Оның ішінде, Қарағанды облысы бойынша 17 мыңнан астам өтініш. Бірінші сыныпқа 16 403 бала қабылданды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оқу ағарту министрлігінің хабарлауынша, құжат қабылдау egov.kz электронды порталы және жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері арқылы жүзеге асырылды.

Ел бойынша өтініш берушілердің 70,7% мектепті мемлекеттік тілде оқуға ниет білдірген. Аймақта бұл көрсеткіш – 53%. Яғни, 7 772 балдырған мемлекеттік тілде оқуға шешім қабылдады. Бұл қатарда Қызылорда (89,6%), Ұлытау (86,6%), Маңғыстау (86,2%), Жамбыл (80,4%) облыстары тұр.

Бірінші сыныпқа қабылданушылардың ең жоғары көрсеткіші Абай, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай және Қарағанды облыстарында.

• МЕРЕЙ

Жақсылардың жалғасы

Академик Зейнолла Молдахметовке аймақ басшысы құрмет көрсетті

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев биыл 90 жасқа толған көрнекті ғалым-академик, ағартушы-ұстаз, белгілі қоғам қайраткері Зейнолла Молдахметовті қабылдап, мерейтойымен құттықтады.

ұстаздар, зиялы қауым өкілдері келіп, Зейнолла Молдахметовтің атқарған еңбектері хақында баяндама жасады. Со-



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қабылдауда өңір басшысы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын жеткізді. Құттықтау хатында «Торқалы тоқсан жасқа толған мерейтойыңыз құтты болсын! Халқымыз өзіңізді көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, ұлтжанды азамат ретінде жақсы біледі және құрметтейді. Еліміздің оқу-ағарту саласын дамытуға қосқан үлесіңіз өте мол. Ұзақ жылғы ғылыми-педагогикалық қызметіңіз және бойынша асыл қасиеттеріңіз Сізді абырой биігіне көтерді», – делінген.

Құттықтау рәсіміне Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ергалиев пен Ұлттық ғылым академия-

сы жоғары мектебінің вице-президенті Абдумүлліб Әбжаппаров, қоғам және мемлекет қайраткері Бірғаным Әйтимова қатысып, тұлғаға айналған ұстазға жылы лебіздерін айтты.

– Зейнолла Молдахметов – халықтың ұлы. Қарағандылықтарға ғана емес, бүкіл республикаға танымал және елімізде зор беделге ие. Зейнолла Молдахметов білім, ғылым және жалпы рухани даму саласында бірегей тұлға деп айта аламын. Ғылым мен қоғамның дамуына әркім осындай құнды үлес қоса алмайды, – деп атап өтті қоғам және мемлекет қайраткері Бірғаным Әйтимова.

Ғалымның мерейтойы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қабырғасында ұйымдастырылған ғылыми конференцияға жалғасты. Конференцияға отандық және шетелдік ғалымдар мен

нымен қатар, «Жасанды интеллект» тақырыбы қозғалды.

– Нейрожүйе, жасанды интеллект Қазақстанның жоғары оқу орындарына және ғылымға еніп үлгерді. Біз бұдан қаша алмаймыз. Осы конференция аясында жасанды интеллекттің жоғары білімге енгізілуі мен әсері де талқыланатын болады. Бұл жағдайда білімді жақсарту, оқу процесі және ғылыми нәтижелерді жақсарту үшін осы технологияларды қолдану білу өте маңызды, – деді Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ергалиев. Зейнолла Молдахметовтің шәкірті, Ұлттық ғылым академиясының академигі, химия ғылымдарының докторы, ғалым Арыстан Ғазалиев те осы тақырып төңірегінде пікірін білдірді.

– Мемлекет басшысы шетелдік инвесторлармен кездесуінде «Цифрландыру

• ЕРТЕҢ – КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРІ КҮНІ

Логистика – экономиканың екінші тынысы

Жол – өмір. Сол жолда көбіміздің өміріміз өтіп жатыр. Көлік логистикасы – экономиканың күретамаыры. Жылдағы дәстүр бойынша тамыздың алғашқы жексенбісі кәсіби мерекелерін атап өтетін теміржолшыларды, көлік жүргізушілерін, ұшқыштарды, диспетчерлерді, инженерлерді, көлік кәсіпорындары қызметкерлерін және азаматтардың өмірін жайлы ететін, ел ішінде әрі одан тыс жерлерге түрлі жүк тасымалдайтын жандарды кәсіби мерекелерімен құттықтап, ерен еңбектері үшін алғыс жаудыратын таптырмас мүмкіндік.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көлік қызметкерлері күні – жыл он екі ай ыстыққа күйіп, суыққа тоңып жүріп, еңбек ететін осы бір жанкешті кәсіп иелерінің ерен еңбегі еленетін күн, құшақтары гүлге толып, ақ тілек ағылатын, құрмет пен қошемет кеудеге марапат боп тағылатын күн.

Ел экономикасының қарыштауы, әлеуметтік саланың дамуы көлік қызметкерлерінің сүбелі үлесіне тікелей байланысты. Бүгінде осы сала қызметкерлерінің

үйлесімді жұмысының арқасында көлік инфрақұрылымы жаңғыртылып, жаңартылууда. Биыл Қарағанды облысында үш мыңнан астам жол белгілері орнатылды. Тасымалдау көлемі артып, инновациялық технологиялар енгізілуде. Қарағандыда солтүстік-шығыс айналма жолы көлік ағынын едәуір қысқартты. Қызылорда-Павлодар автожолында оңтүстік-батыс айналма жол жасау жоспарлануда. Сондай-ақ, биыл ұзындығы 195 шақырым облыстық маңызы бар автожолдардың 12 учаскесі орташа жөндеумен қамтылды. Мысалы, Қарқаралы, Баянауыл және



Жартас-Долинка бағытында. Қалалар мен аудандардағы жолдардың техникалық жағдайын жақсарту үшін 394 шақырым жөндеу жоспарланған, 177 шақырым жолда жұмыс аяқталды. Облыс орталығында

Бөкетов көшесінде Күнгей бағытында автожол салу, Ғарышкерлер көшесін қайта жаңарту, Пичугин және Новоселов көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

► 5-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 486.44

• USD/KZT 445.01

• RUB/KZT 4.75

• CNY/KZT 62.03

Қазақстан Ұлттық Банкінің 4 тамыз, 2023 жылғы дерегі бойынша



• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Жаңа форматтағы жарқын жүздесу

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапарымен Балқаш қаласында болды. Шаһардың әлеуметтік экономикалық жағдайымен және мемлекеттік бағдарламалар аясында жүргізіліп жатқан құрылыстармен танысып, бірқатар нысандарды аралады. Басқарма басшыларының қатысуымен жергілікті тұрғындарды жеке қабылдады.

М.Хамзин атындағы мәдениет сарайында халықпен жүздесті. Мұндай форматтағы шара қаламызда алғаш рет өтті. Тұрғындарға ыңғайлы болу үшін басқарма өкілдеріне немесе тікелей облыс

нымен қатар, бұл суды автокөлік жуу орындары да тұтынады. Мұны реттеу қажет, ондай мақсатқа айналымдағы су пайдаланылуы тиіс, – дейді Тайтөлеу Жұманов. – Біздің сөзімізге мемлекет-

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Басты проблема – су, жол, жылу

Ең алдымен аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтағы жобалардың барысымен танысты.

Қазіргі таңда қалада негізгі мәселе – су жүйесі, жол. Су құбырын жүргізбей тұрып, жол жөндеуге асығу қажет еместігін назарға салды. Өйткені, көпшілік көріп жүргендей, бірінші жолда асфальт болған, кейін оны қазып су құбырын жүргізген. Аталған проблеманы шешу мақсатында Балқашта су құбыры желілерін ауқымды реконструкциялау жалғасуда. Олардың тозуы 85%-дан асады. Үш жыл ішінде 124 шақырым құбыр ауыстырылады және бұл көпжылдық су мәселесін шешуі тиіс.

– Біз өткен жылы шамамен 9 шақырым салдық. Биыл 30 шақырым ауыстырылады. Заманауи материалдар пайдаланылады. Бұл жобаладағы қазақстандық өнімдер үлесі – 100%. Бірінші кезекте жұмыстар келесі жылы жолдары жөнделіп, абаттандыру басталағанын көшелерде аяқталады, – делі Балқаш ТКШ бөлімі абаттандыру және коммуналдық шаруашылық секторының меңгерушісі Жанәлі Шпекбаев.



жылдың наурызында басталып, 2023 жылдың мамырында аяқталды. Жаңа емханада 19 мыңнан астам ересектер мен балаларды қабылдау жоспарлануда. Емханада 168 қызметкер бар. Оның ішінде, дәрігерлер – 32, орта ме-



жедел жәрдем және әлеуметтік дәріханалар жұмысы бір жүйеге келтірілген.

Жаңа емхана 19 мың адамға қызмет етеді

Пайдалануға берілген №2 емхананың директоры Айнагүл Күлембаеваның айтуынша, осыған ұқсас жоба Қарағанды және Теміртау қалаларында іске асырылған. – Емхананың құрылысы 2021

әкіміне электронды кезек ұйымдастырылды. Күту залында балаларымен бірге келгендер үшін ойын алаңы ұйымдастырылды. Жиынға түрлі ведомстволардың басшылары мен өкілдері қатысты. Олар қала тұрғындарының сұрақтарына жауап берді.

Тұрғындар қаламызда дамуы тежелген және аутизм дертіне шалдыққан балаларға арналған оңалту орталығын ашуды сұрап, облыс

тік органдар құлақ асты, барлық ұсыныстарымызды жазып алды. Кездесуге ризамыз, – делі Балқаш қаласының әрдагерлер кеңесінің төрағасы. Тұрғындар сонымен қатар абаттандыру, әлеуметтік инфрақұрылым мен жолдардың сапасы, туризмді дамыту мәселелеріне қатысты ойларын жеткізді.

Жер, тариф белгілеу, әлеуметтік көмек қызметі де назардан тыс қалмады. Кейбір тұрғындар «Қазпошта» жұмысына шағымданды. Балқаштағы абоненттерге газеттер келіп жеткізілетіні айтылды. Елге елеулі еңбек еткен тұлғаларды ұлықтау жұмыстарын жолға қою керектігі де тілге тиек етілді. Қаладағы білім беру ісінің бастауында болған белгілі ұстаз Зини-тулла Далибаевтың есімін ұлықтауды сұрады.

Кездесуге Алматыдан келген қоғам қайраткері Әйгерім Тілеубай экологиялық қауіпсіздік жобалары туралы айтып берді. Ол пікірлестерімен бірге Балқаш көліне қамқорлық жасауға бағытталған мектеп ұйымдастырған. Балқаш қаласының белсендісі Анар Адамбекованың пікірінше, кездесулердің жаңа форматы тұрғындар үшін қолайлы.

– Тұрғындар үшін кездесудің тиімділігі маңызды. Мұнда барлық құрылымның басшылары бар. Егер жауапқа қанағаттанбаса, олар аймақ басшысына тікелей жүгіне алады. Бұл дұрыс деп

жылдың наурызында басталып, 2023 жылдың мамырында аяқталды. Жаңа емханада 19 мыңнан астам ересектер мен балаларды қабылдау жоспарлануда. Емханада 168 қызметкер бар. Оның ішінде, дәрігерлер – 32, орта ме-

әкіміне жүгінді. Стационардағы палаталардың санитарлық жағдайы талқыланды. Денсаулық сақтау басқармасына стоматологиялық қызметтің сапасын жақсартуға ықпал ету жөнінде өтініш-тілек айтты. Қамқор азаматтар жеке



дициналық персонал – 96, кіші медициналық персонал – 8, өзге де персонал – 32. Пациенттерге мамандандырылған, білікті, алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетіледі. Емхана құрамында 15 дәрігерлік учаске бар. Және отбасылық денсаулық орталығының кабинеттері, күндізгі стационар, оңалту кабинеті, физио, дәрігерге дейінгі және қарау кабинеттері, зертханалық-диагностикалық қызмет қарастырылған. Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін медициналық қызметтердің қолжетімділігіне жағдайлар жасалған. Арнайы жолдар, мүгедектер арбасына арналған арнайы көтергіш, лифт, жүріп-тұруды жеңілдететін құрылғылар бар, – дейді Айнагүл Күлембаева.

Екі жарым сағатта 69 мәселе көтерілді

Бұдан кейін облыс әкімі

секторға суару жүйесін орнатуды, зиратқа баратын жолды жөндеуді, суық суды хлорлау арқылы залалсыздандыру әдісін заманауи әдіске ауыстыруды сұрады. Көгалдандыру, ағаштарды дұрыс кесу мәселесі тағы да көтерілді. Екі жарым сағатқа созылған жиында 69 мәселе көтеріліп, бақылауға алынды.

Ермағанбет Бөлекпаевқа бірінші нөмірлі талонды Тайтөлеу Жұманов бастаған әрдагерлер кеңесінің тобы алды. Белсенділер су тапшылығы мәселесін шешуде өз ұсыныстарын айтты. Ал, Балқаш көлінің экологиясын жақсарту үшін қамыс тоғайларынан құтылу мақсатында шығанақтағы бөгеттер жүйесін өзгерту қажет деп санайды.

– Біз таза ауыз суды шамадан тыс көп жұмсаймыз. Бақшаларымызды суарамыз, комбинат та оны санитарлық-тұрмыстық қажеттіліктеріне пайдаланады. Со-

санаймын, әр мәселе өз деңгейінде шешілуі тиіс, – деп атап өтті Балқаш қаласының Жұмысшылар кеңесінің төрағасы Анар Адамбекова.

Сондай-ақ, кездесуге келген тұрғындар автобустың тарлығы, көл суының тартылуы, экология мен саяжайлардың жағдайы және өзге де мәселелер жөнінде сұрақтар қойды.

Облыс басшысы 10 мың тұрғынның өтініші бойынша Балқаш қаласының Жұмысшылар кеңесі мен 64 орамға қатысты жоба қабылданып, сараптама жасалып жатқанын атады. Ол үшін 11 млрд теңге қаржы қарастырылмақшы.

Облыс әкімінің жұмыс сапары Шашубай кентінде түйінделді. Өңір басшысы кезекте тұрғандар үшін 96 пәтерге арналған тұрғын үйді, қазандықты қалпына келтіру, абаттандыру барысымен танысты.

• КЕҢЕС

Жастар жайы – талқыда

Жыл басынан бері облысымызда 185 келіден астам есірткі тәркіленген. Соларды жарнамалап, саудасын қыздырып отырған 65 сайт пен аккаунт бұғатталған. Мұны әкімдікте өткен жастар ісі жөніндегі кеңесте өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаевқа жауапты мамандар мәлімдеді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі полициягерге есірткі саудасымен күресуде тың әдістерді ойластыруды тапсырды. Өйткені, уақыт өткен сайын саудагерлер тауар таралымының ауқымын кеңейту үшін түрлі айла-тәсілге барып жатқанын атап өтті. Сонымен қатар, өңір басшысы танымал блогерлер мен қоғам белсенділерін есірткімен күресте қол ұшын созуға шақырды.

– Бұл жаһандық проблема. Нашақорлыққа қарсы профилактикалық жұмысты күшейту қажет. Жасөспірімдер өз әрекеттерінің салдарын

істеп, ғимарат қабырғаларынан есірткіні жарнамалайтын 700-ден астам графитиді өшірген. Сонымен қатар, 100-ден астам ойын-сауық мекемесінің басшыларымен психотроптық заттардың таралуына жол бермеуге қатысты меморандумға қол қойған.

Былтыр оқушыларға есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымы, сондай-ақ солардың зияны туралы бейнероликтер көрсетіліп, мыңнан астам дәріс оқылған.

– Статистикаға және зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, адам есірткіні алғаш рет 15-17 жасында татып көреді. Нашақорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысқа полиция, тұрғындар мен еріктілер жұмылдырылған, – делі



Сурет интернеттен алынды

түсінбейді. Бір рет қолданғаннан ештеңе болмайды деп санайды. Оларға жүрген ортасы әсер ететіні мәлім. Ата-аналар да баласына қажетті деңгейде көңіл бөлмейді. Осының бәрі балаға әсер етеді. Жасөспірімдерді спортқа баулып, пайдалану шараларға тарту керек. Ол үшін қызықты шаралар жасаған жөн, – делі Ермағанбет Бөлекпаев.

Полиция қалалық Жастар ресурстық орталығының қызметкерлерімен бірлесе жұмыс

Қарағанды облысы полиция департаменті бастығының орынбасары Құрманғали Исмағұлов.

Екі апта бұрын облыстық полиция департаментінің базасында еріктілер қозғалысының форумы өткен. Оған екі мыңнан астам оқушы мен студент қатысқан. Форумда нашақорлықтың алдын алу бойынша одан әрі бірлескен жұмыс формуласы әзірленді. Саламатты өмір салтын насихаттауға бағытталған белгілі тұлғалардың қатысуымен бірқатар спорттық шаралар жоспарланыпты.

Тың жоба тиімділігі – ашықтық

Мемлекет басшысының «Халық үнін еститін Үкімет» тұжырымдамасына сәйкес, «Халық қатысатын бюджет» жобасы жүзеге асуда. Аталмыш жоба Қарағанды қаласында да іске асады. Мақсаты – қаланы көгалдандыру мен дамытуға тұрғындарды қатыстыру.

Сағынш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аты айтып тұрғандай, бюджет қаржысының қайда, қанша жұмсалатынына Қазыбек би ауданының тұрғындары үлес қосты. Тұрғындардың бастама-сымен үш аулаға абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, 2024 жылға арналған ұсыныстар жинағы жарияланды.

«Былғы жылы «Халық қатысатын бюджет» жобасына үш аула түсті – Шахтер көшесі, 31а, б, Гапеев көшесі, 7, 9, Н. Әбдіров даңғылы, 48/2. Тұрғындар балалар кешендерін, воркаутка арналған алаңдарды орнатуды, көгалдар төсеуді ұсынды. Шахтерлер даңғылындағы аулада футбол алаңын, Гапеев көшесінде төбесі жабылған орындықтар салу жоспарлануда», – деп хабарлады Қазыбек би атындағы аудан әкімдігі.

Келер жылға өтінімдерді қабылдау 1 тамызда басталды. Идеялар мен бастамаларды жинауға бір ай уақыт беріледі. Осы аралықта өтінімдерді Қазыбек би атындағы аудан әкімдігінің сайтындағы «Халық қатысатын бюджет» бөліміне жіберу қажет. Жобадан басымдық – аула аумақтарында және жалпы пайдалану орындарында спорттық, балалар ойын алаңдарын орнату және жөндеуге, қоғамдық кеңістіктерді құру және



жөндеуге, аула ішіндегі немесе көшедегі жолдарды асфальттау мен жарықтандыруға, тротуарларды, пандустарды, шекараларды салу және жөндеуге, ғимараттарды жарықтандыруға, қоқыс жәшіктерін, гүл құмыраларын, магистральдық торларды, орындықтарды, шағын архитектуралық нысандарды орнатуға, қоқыс жинауға арналған контейнерлік алаңдарды орнатуға, ауыстыруға және жөндеуге беріледі.

Ұсыныстар қолжетімді, яғни, қарап, танысуға болады. Автор ұсынған жобасын қысқаша мазмұндап, оның қаланы дамытуға қосатын үлесін дәлелдеуі керек. Эскиз бен смета болжамды болуы да мүмкін, егер ұсыныс жобаға енетін болса, шығынның нақты мөлшері есептеледі.

Ұсыныстар толық қабылданғаннан кейін, халықтық дауыс беру нәтижесінде жақсы ұсыныс пен жеңімпаз анықталады. Өрі бюджеттік қажыландырылуға мүмкіндік беріледі.

Сотқа сенім артса игі...

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде сот жүйесіндегі жүргізіліп жатқан реформалар аталған салаға жаңадан білікті мамандарды жұмылдыруға, әділ сот төрелігін орнықтыруға тиіс екенін атап өтті. «Судьялар корпусы өздерінің күнделікті жұмысында осы ұстанымдар мен құндылықтарды басшылыққа алуға тиіс. Судьяларымыз адам құқықтарының мүлтіксіз сақталуын басты назарда ұстауы керек. Еліміздің судьялары кәсіби біліктіліктерін ұдайы арттырып, жұмыс тәсілдерін жетілдіріп, қалыптасқан ойлау жүйесін өзгертіп отыруы қажет. Бұл үшін сот саласындағы өзекті халықаралық үдерістерді ескеріп, судьялардың халықаралық қауымдастығымен тығыз байланыс орнату маңызды», – деді Президент.

жеткізбей шешкен абзал. Бұл арада ең алдымен кәсіподақтар федерациясының рөлі зор. Сот пен Кәсіподақтар федерациясы арасында еңбек дауларын тиімді түрде сотқа жеткізбей шешу туралы меморандумға қол қойылған. Олар екі тарапты мәмілеге келтіреді. Сөйтіп, еңбек дауларына осылай нүкте қойылады. Мұның барлығы да қазіргі уақытта өркениетті қоғамдағы сот саласының дамып бара



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Сот мемлекеттік тілде сөйлей бастады

«Халықтың жайын, салтын, рәсімін, тілін білмейтін сот – сот емес, сор» деген Алаш арысы Міржақып. Елімізде қолданыстағы заңдардың іске асырылуын қамтамасыз ету жолында, заңнамалардың орындалуына жауапты – мемлекеттік қызметшілер.

Қарағанды облысы соттарында халқымыздың болмыс-бітімі мен рухани, кәсіптік құндылықтарын қадір тұтып, жұмыста мемлекеттік тілді меңгерген білікті мамандарды даярлап, тіл тұғырының мықты болуына қосар үлесті артыруға жұмыстар атқарылууда. Мәселен, «Төрелік» ақпараттық жүйесі құжат айналымының, іс жүргізу, кіріс, шығыс, ішкі құжаттарының мемлекеттік тілде жүргізілуіне, ресімделуіне жаппай мемлекеттік қызметшілер жұмылдырылууда. Құжаттарды ресімдеу барысында мемлекеттік тілде жазылуының сауаттылығына, тілдің тазалығына, сөздің мағынасына мұқият көңіл бөлінеді.

Сот билігінің жұмысы қалың бұқараға бағытталып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғауға, заңнамалардың орындалуын қамтамасыз етуге қызмет ететіндіктен, елмен бірге тіл мәдениетінің қалыптасуының, қолданылуының артуына әрқашан



ОЦК ҰСЫНҒАН МҮМКІНДІК

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі таратқан мәліметке сәйкес, жыл басынан 192 мыңнан астам адам отбасының цифрлық картасының көмегімен мемлекеттік қызметтер алған.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Отбасының цифрлық картасын (ОЦК) енгізу нәтижесінде 1 қантардан бастап 536,9 мыңнан астам адамға мемлекеттік қызметті проактивті көрсету үшін SMS-хабарлама жолданған. Бұл ретте өтініш берудің жәрдемақы мен төлем алу мүмкіндігін 192,5 мыңнан астам адам пайдаланды.

Мұнымен бірге, 64,4 мыңнан астам азамат жұмыс іздеу, тегін оқудан өту, жұмыспен қамту саласындағы өзге де мемлекеттік қолдау шаралары туралы пайдалы мәлімет алған.

Қазіргі уақытта ОЦК-ның мемлекеттік деңгейдегі қолдау құқығы бар қазақстандықтардың өтінішсіз-ақ жәрдемақы мен әлеуметтік төлемнің 10 түрін ресімдеуге мүмкіндігі бар. Бұған еңбек ету қабілетінен, жұмысынан айырылған жағдайда, асыраушысынан айырылу, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған ата-анаға (қамқоршы), мүгедектігі бойынша, көпбалалы отбасына, «Алтын алқа» және «Күміс алқа» төсбелгісімен марапатталған көпбалалы анаға әлеуметтік төлем мен жәрдемақы әрі жерлеуге арналған біржолғы төлем жатады.

ОЦК арқылы зейнетақы төлемін алу мүмкіндігі, «қандаз» мәртебесі берілгенде немесе ұзартылғанда мәртебенің аяқталу мерзімі және жұмыссыз адам үшін жұмыспен қамту шарасы туралы автоматты хабарлама іске асырылды.

Мемлекеттік қолдау шараларына қатысуға құқық белгіленген кезде 1414 бірыңғай байланыс орталығынан SMS-хабарлама жолданады. Хабарлама алған азамат оған келісімі туралы жауап беруі тиіс. Өтінішті ресімдеу, әлеуметтік жәрдемақы, яки, төлем тағайындау автоматты режимде жүргізіледі. Мұнан соң қаражат алушының банк есеп шотына аударылады.

Қосымша сұрақтар бойынша 1414 нөмірі бойынша Call-орталыққа хабарласыңыз. Қоңырау шалуы тегін.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеше мен бүгін

Сот шешімдеріне халықтың сенімін арттыру тұрғысында бірқатар ілкімді істер соңғы төрт-бес жылда қарқын алды. Бұл орайда «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы» маңызды рөл атқарды.

Біз сөз етіп отырған құқықтық саясат тұжырымдамасында «Қоғам сот билігінің қызметін толық, объективті және бейтарап жария етілуіне мүдделі. Осы мақсатта халықтың сот қызметі туралы ақпаратқа барынша қол жеткізуін ұсыну арқылы сот жүйесінің ашықтығы мен айқындылығы деңгейін арттыру қажет» деп атап көрсетілген.

Задында қазіргі Қазақстандағы сот жүйесінің ашықтығына күмән есте-есте келмейді. Мәселен, алақаныңыздағы ұялы телефоныңыз арқылы айыпталушыға сот шешімі, яки, судьяның үкімі шыққанға дейін қарапайым халық мұның барлығын тікелей эфирден бақылай алады. Осыдан келіп, судьяның әділетсіз шешім шығарып, істі бұрмалауына еш негіз қалмайды. Оның үстіне қазіргі уақытта сот залындағы процесстердің барлығы да аудио және бейнетаспаға жазылады.

Ең кереметі, сот төрелігіне қатысты әділ процессті қамту, «Е-СОТ» платформасын жаңарту, үлгілі сот көзқарасын қалыптастыру, сапалы нәтиже алу, оңтайлы орта құру, мінсіз судья түсінігін жаю, әрі сотсыз татуласу орталығының жұмысын жаңдандыру. Осы арқылы қоғамдағы келеңсіздік атаулысының алдын алмақ. Жоғарыдағы жеті бағыт – сот саласында айқындық пен ашықтыққа кепіл. Осыдан келіп, судьялар әрбір істі барынша тиянақты қарайтын болды, олардың жауапкершілігі біршама артқаны аңғарылады. Халықаралық стандарттарға сай, қазақстандық судьялардың өзіндік келбеті айқындала бастады. Бұл игі қадамдар елімізде жоғары кәсіби сот корпусы қалыптасуына сеіткі етті.

Егемендік алғалы бері сот саласында соны қадамдар жасалып келеді. Бұл алдымен азаматтарымыздың бостандығы мен құқығын қорғау бағытында көрініс табады. Негізгі мұрат – сот саласындағы үдерісті барынша ашық түрде іске асыру. 2019 жылдан 41-ге жуық жаңа заң нормалары қабылданған болса, оның 31-і күшіне енді. Судьяларды іріктеу тәртібінен бастап, сот саласын сандық форматқа



көшіруге дейінгі кешенді шаралар жүзеге асуда, – дейді Қазыбек би аудандық № 2 сотының судьясы Динара Тегжанова.

Бұрынғы кезде сотқа шағым түскен сәттен бастап, істің барлығы да қаралатын еді. Барлығын жаппай байыптау судьялардың жұмысын ауырлатып, істі қарау тым ұзаққа созылып кететін. Ал, қазіргі уақытта жұмыс үдерісі оңтайланды. Тіпті, «Түнгі сот» жобасы да өзінің тиімділігін іс жүзінде дәлелдеді. Егер куәгер мен екі тарап келіссе, заматтың судья істі қарап, шешім шығарады.

жатқанын көрсетеді. Қазақстан қоғамы бүгінде бұл озық нәтижені қолданысқа енгізуде.

Жалпы, медиация институтын сөз еткенде Заңның 2011 жылы қабылданғандығын айту керек. Яғни, Заң бекітелі 12 жылдан астам бұл бағытта жұмыс жасаудамыз. ТМД елдерінде де осыған ұқсас заңдық норма болғанымен, тиімділігі Қазақстан Республикасында айқынрақ көрініп келеді. Өзім жетекшілік

Ізгілік ісіз кетпейді

Сонымен, сотсыз татуласу орталығының бас мақсаты – араздасқан екі жақты ымыраға шақыру. Ортақ бітімге келтіру. Арнайы орталықтар әр аймақта, облыс орталықтарында құрылған, іргелі қалаларда құрылып та жатыр. Онсыз да жүкте-месі көп судьялар бұл істі енді қарамайды. Сотқа дейін татуласса, ең алдымен өздеріне жақсы. Деректерге сенсек, дамыған елдерде даудың 70-90 пайызы сотқа жетпей, өзара татуласумен аяқталады. Бұл орайда араздасушы екі тарапқа сотқа дейінгі қорғаушы, нотариус пен психолог мамандар көмек көрсетеді. Демек, мұнан шығатын қорытынды не? Сот ізгілікке бет бұрды. Адамдардың сана – сезімі мен жауапкершілігі де артты. Әсілі, даудамалды сотсыз-ақ шешуге болады екен. Не дегенімізбен, сотқа жүгінуге әркімнің де заңдық құқы бар.

Тағы бір мысал, қазіргі уақытта әр аймақта жалақы мәселесіне қатысты жұмыс берушілер мен жұмысшылардың арасында еңбек дауы болып жатады. Мұндай жағдайда қайтпек керек? Мәселені сотқа



етіп отырған «Zolotaya seredina-SM» қоғамдық бірлестігі – соның жарқын мысалы. Бұл орайда заңдық негізде осы іске белсене атсалысып жауапкершілік алған Қазақстан халқы ассамблеясын атап өтуге мүмкін емес, – дейді Қазақстан Республикасы кәсіподақтар Федерациясы заң клиникасы Қарағанды филиалының Татуласу орталығының басшысы, кәсіби медиатор Светлана Шардарбекова.

да өз үлесін қоса береді. Сонымен, облыстық сот соттық қадағалауды қоса алғанда сот төрелігін жүзеге асырушы соттық мекеме болып қана қоймай, адвокатура қызметін қадағалаушы, соттық статистика, нотариалды кеңселер, халықтық соттардың қызметтеріне ұйымдастырушы басшылықтың міндеттерін жүзеге асырушы соттық басқару органына айналды.

«ТОП-10»: Туризм түлеуі тиіс

Әлемдік экономикадағы қарқынды күшеймесе, бәсеңдемейтін бірден-бір сала – туризм. Өйткені, туризм жалпы ішкі өнімнің қалыптасуына, халықтың тұрмысын жақсартуға, жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы жұмыссыздықты азайтуға, сыртқы сауда көрсеткішінің өсуіне ықпал етеді. Бірақ елдегі туризм көп сығна ұшырайтын ұшыған сала екені рас. Сондықтан да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев серпін керектігін атап, Үкіметке арнайы тапсырма да берген болатын.

Нұрдіс КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Туризмді дамыту жол картасы не береді?

– Үкімет және Парламент туризмді дамыту мәселесіне баса назар аударуы тиіс. Еліміздегі туризмнің әлеуеті зор, көрікті жерлеріміз өте көп. Бірақ сонда барып, демалуға әлі де жұрттың қолы жете бермейді. Бұл салаға тың серпін беру үшін, ең алдымен, инфрақұрылым мәселесін кешенді түрде шешіп, қызмет сапасын түбегейлі жақсарту қажет, – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Негізгі деректерге сүйенсек, былтыр Қарағанды облысында 360 мыңнан астам турист тіркелген. Оның ішінде, 16 мыңға жуық шетелдік қонақтар келіп демалған. Осыған орай, жыл сайын саны артқан туристердің демалыс аймақтарын абаттандыруды қамтитын жоспарлы жұмыстар жүзеге асырылууда. 240 млрд. теңгені құрайтын 66 іс-шараны қамтитын кешенді жоспардың жобасы әзірленген. Балқашта толыққанды

туристік кластер құру мақсатында жұмыстар қолға алынды. Қазірдің өзінде 70-ке жуық демалыс аймағы жұмыс істейді.

2019-2023 жылдарға арналған еліміздің туризм саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында Балқаш көлінің жағалауын дамытуға қомақты қаржы қарастырылған. Аталған бағдарлама аясында Балқаш көлі маңында жаңа нысандар бой көтеріп, жолдар салынады. Демалыс орындарына коммуникациялар тарту жолға қойылған.

– Бүгінде қалада туризм бойынша абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Жағалауды алматылық құрылысшылар жобалаған. Жобаның тұрғындарды тартатын қызықты тұстары көп. Көзге шығатын жолдар, көпірлер болады. Туристерді қызықтыратын орынға айналу үшін барлық жағдай қарастырылған. Жағалауда су мен жауынға төзімді тастөсем, субұрқақтар мен серуен алаңы салынады. Балқаш туризмді дамытудың жол картасында бар. Жағалауды абаттандыруға 4 млрд.



теңге республикалық бюджеттен бөлініп отыр. Бұл жұмыспен «Балқаш Жібек жолы» компаниясы айналысуда, – деді Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев.

Туристер көп келетін шаһарда бындан бастап, көпжылдық гүлдер отырғызуға көңіл бөлінді. Сондай-ақ, жасыл желекті күтіп-баптау жұмысымен айналысатын мердігер компаниялармен үш жылға шарт жасалмақшы. Ол компаниялар күзгі отырғызу жұмыстарына да жауапты.

Бүгінгі бағдар қандай?

Балқаш көлінің жағалауында


орын тепкен қала – шағын және орта бизнесті дамытудың таптырмас көзі. Жыл санап, мұнда келетін саяхатшылардың саны еселеп артуда. Бұл туралы Балқаш қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Жанмира Рахпанова мәлімдеді.

зақстан Республикасының 2019-2025 жылдарға арналған туризм саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, Балқаш курорттық аймағы туристфикация картасының «ТОП-10» тізіміне енгізілді. «Тораңғалық, Шұбартүбек кенттеріндегі су құ-

быры желілерінің құрылысы» жобасының құны 9,8 млрд. теңгені құрады. Бұған қоса, «Тораңғалық, Шұбартүбек кенттеріндегі тазарту құрылыстары бар көріз желілерінің құрылысы» жобасы бар. Құрылыс құны 13,672 млрд. теңгеге жоспарланып отыр. Электр желісі жасалатын болады, – дейді Жанмира Рахпанова.

2025 жылы – 170 мың турист

2025 жылға қарай өңірге келетін туристердің санын 4 есеге ұлғайту жоспарланған. Мәселен, туристік аймақ 2022 жылы 67,295 мың адамды қабылдаса, 2025



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

жылы 170,060 мың адамға қызмет көрсетуге жағдай жасамақ. Жергілікті бюджетке шамамен 180 млн. теңге сомаға салықтар мен төлемдер түседі деп күтілуде. Ал, «Бертіс» шығанағы ауданында салынатын 18 нысанға инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды салу бизнесті кеңейтуге жол ашпақ.

Туристік салаға инвесторларды тарту үшін аса маңызды мәселелердің бірі – көлік логистикасы. Барлық санаттағы ұшақтарды қабылдау және әуежайды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру үшін Балқаш қаласы әуежайының жекелеген ғимараттарына реконструкциялау жұмыстары жүргізіледі. Ол үшін 3,5 млрд. теңге сомағына жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленген. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының отандық өнімнің үздіксіз экспортын қамтамасыз ету және елдің транзиттік әлеуетін ұлғайту мақсатында «Достық-Мойынты» теміржол желісінің құрылысы басталғаны мәлім. Бүгінде 836 шақырымды құрайтын «Достық-Мойынты» теміржол желісінің екінші жолының құрылысы аса маңызды болып отыр. Пойыздардың басым бөлігі Балқаш қаласынан өтеді. Бұл теміржол арқылы қатынайтын туристер санын арттыруға мүмкіндік береді.



• ҰЛТ ПЕН РУХ

Қоршаған орта

Серік Ақсұңқарұлы – қазақ әдебиетінің классигі, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Адуынды ақынның отты жырлары баяғыда-ақ, әдебиеттің аға буын алыптарынан жоғары бағасын алған. Қазақ ұлттық драма театрының өз биігі, өз орны бар. Бұл – ақиқат. Ақынның қаламынан туған публицистикасы, эссе, очерктері мен макалаларының жөні бір бөлек. Тоқсан жылдан астам тарихы бар «Ortalyq Qazaqstan» газетінде тұрақты түрде Серік ақынның «Қоршаған орта» тақырыбындағы өмірден көрген-білген ой-толғамын, күнделігін оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік. Бұл тұшымды дүние талғампаз оқырманның көңілінен шығып, жүрегіне сәуле шашады деп сенеміз. Мархабат!

РЕДАКЦИЯДАН

Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ

Бір ақын

Қоршаған ортаның аясы, жаһандану заманында, бұрынғыдан да кеңіп барады. Оған енді әлеуметтік желілер қосылды. Мен де енді осы ортада ғұмыр кешіп жатырмын. Соның бір көрінісі осы жазбалар.

Бір ақын жүр біздің елде – көп емес. Көрмеген жөн – көзді нұрға бөлемес: Сүйген жері – кара таңба, қасірет, Жүрген жері – айқай-шу мен төбелес!

Ұстанатын дәстүрі де, салты – ескі. Жай жүрген жок... Іздеп жүр ғой Дантесті! Хайям анау – Шарап құмар маскүнем, Пушкин мынау – Дуэльде өлген қанкешті...

Қай ақын кеп жарылқайды қай елді?! Өзі – кедей, жақтырмайды бай елді! Сүйеді екен өз-өзінен өртеніп, Сүйеді екен өңкей сұлу әйелді!

Бір ақын жүр қайғылы хәм күлкілі! Қазақ қалды, жырлайды екен түркіні. Бұл түгілі Мағжан да от басқан, Өстіп жүріп, өртенеді-ау бір күні!

Көк Бөрі деп өлең жазып не түрлі, Көз оттай боп, мазамызды кетірді. Оны көрсен – біздің елдің иттері, Дүрлігелі – Қасқыр көрген секілді!

...Франция – Франсуа Вийоннан әзер құтылды! Ұлыбритания – Байроннан әзер құтылды! Қазақстан – Мұқағалидан әзер құтылды! Мынаның да түрі жамаң, көкешім, Көкке қарап ұлтұтғын сықылды, Тұтып кетіп, құрұтғын сықылды...

Сәкен театры – көкем театры

Сәкен театрының қасынан өткенде менің арқама аруақ қонады! Бүгінгі еңсесі қандай биік! Қазақ ұлттық драма театрларының ішіндегі еңселілерінің бірі хәм бірегейі! Алдында қасқайып отырған Сәкен ескерткішіне көз түскенде, қайдағы-жайдағы еске түседі. Бір рет өліп, екі мәрте қайта туған ардағымыздың асқақ келбеті Алаштың автопортретінде – сұлу да, дана, дара! Қасиеті ерек қандай ұлы ел едік – көрсен көз тойғандай! Қандай тар жол, тайғақ кешулерден өткенбіз, қандай асу, белбелестерге жеткенбіз: бодан кезіміздегі ескі театр мен егемен кезіміздегі жаңа театрга қараңыз – ұлттық азаттықтың асқақ бейнесі осыдан-ақ көрініп тұр.

Сәкен театрының алдынан өткенде арқаға аруақ қонады! Ұлттық рухтың ұлы дүбір осы ғимаратта ойнақ салып тұр. Соның әрбір премьеры сайын Қарағанды қазағының басы осында қосылады. Өз жерінің қожасы, өз елінің иесі екенін ісі қазақ осында келіп зерделейді. Қазақ ұлтының рухани шаңырағы – бұл!

Алматыдағы М.Әуезов атындағы академиялық драма театры біреулер «Атам театры», біреулер «Әкем театры» деседі. Сәкен театрын біз «Көкем театры» десек, жарасып кетер еді! Көк – Көктәңірі деген сөз, Көктүріктердің Көктәңірі! Көк – Көктүріктердің Көкбөрісін елестетеді! «Көкем» деген сөз содан туындаған. Қазақ қасиетті ағасын Көкем деген. Сәкен театрын Көкем театры дейтінім – содан! Осы театрда ақындар өлең оқып, ақсақалдар бата беріп, Алаш жұрты күн сайын мәре-сәре болып жатуға тиіс. Кешелі-бүгін осында республикалық театрлар фестивалі шеру тартты. Сәкен театрының алды – сән-салтанат. Сәкен театрының ішін ұлттық ой кернеп, Қарағанды көгіне ұлттық рух қалықтап ұшып барады! Алматы Мәскеуге



ұқсаса, Қарағанды Санкт-Петербургқа, өзіміздің Алаш орда – Астанаға ұқсап барады...

Мағжан

Ұлы тұлғаға қаншама топас пен дарынсыз атаулы қаптаған қабаған иттей ұйлыға қарсы шыкса да, оның тұлғасы анадан асқақ көрініп тұрады! Мәңгілік!

Төрт кітап

Қасиетті Төрт Кітап бар: Таурат, Забур, Інжіл, Құран. Оның кем дегенде біреуін оқымаған пенде бірде-бір кітапты оқып, түсіне алмайды. Кітаптың қасиетіне тұшына да алмайды. Қазіргі атқамінердің көбі шетінен сауатсыз! Лев Толстойдың «Соғыс пен Бейбітшілігін» де оқымаған! Киносын ғана көрселген...

Фридрих Энгельс

данышпан екен

«Құрып, құрдымға кеткелі тұрған ұлт кінәсіз ұлдарын жазықсыз жазалап, қылмыскерлерін төбесінде тайрақтатып қояды!» – депті!

Совет өкіметінің өресіздігі

Совет өкіметі Пушкинді мың-миллиондаған таралыммен жарыққа шығарды. Соны кара тобыр қабыл алды ма?! Жок! Лениннің өзі түсіне алмаған Пушкинге лениншіл қалың нөпірдің өресі қалай жетуші еді?

Тұлға

Бір ғасырда бір-ақ мәрте туатын Олжас Сүлейменов, Әбіш Кекілбайлар ұшар басы ақ бауыр бұлттарға малынған шырқау биікте тұр. Түр, келбеті,

ішкі болмыс-бітімі көзге көрінбейді. Алыстан асқақ тұрпаты ғана қарауытады... Олардың алып тұлғаларына етекте тұрып назар салғандардың басы айналып, көзі қарауытып кететіні – содан!.. Аспан жаққа абайлап қараңдаршы?! («Егемендегі» Әбіш Кекілбайдың Мұқағали мен Еркін Ібітанов туралы эссені оқығанда туған ой).

Ұлттық байлық

Ұлттық байлық елдің табиғи ресурстарымен өлшеу – өресіздік; оған онсыз-ақ қол жеткізуге болады. Басты ресурс – Адам. Мемлекет ұлтты ұлы кенішке жеткізетін адамның талантының табиғатын ашуға қажетті барлық жағдайды жасаса болғаны (Маргарет Тэтчер).

Сексеуілге ұқсас халық

Ресей патшасының қабылдауында болған Михаил Сперанский Қазақтар жайлы былай деген екен:

– Қазақтар – көшпелі өмір сүретін өте жауынгер халық. Арақ ішпейді және табиғи қиыншылықтарға өте төзімді. Далада соғысудың өнерін жақсы меңгерген...

Ресей патшасы I Александр «Оларды бағындырудың жолын ойластырдың ба?», – деп сұрағанда Михаил Сперанский:

– Қазақ даласында сексеуіл деген ағаш өседі. Өте қатты, балтамен шауып сындыра алмайсың. Оны тек бір-біріне ұрып сындырады. Қазақтар руга қатты бөлінеді. Оларды бір-біріне айдап салып, әлсіретуі қажет, – депті...

«Елім-ай»

Ресей экспанциясы бел алған XVIII ғасырдан бастап, 1986 жылғы Желтоқсан дүрбеленіне дейінгі аралықта қазақ елі орыс отаршылдығына қарсы 300-ге

тарта ұлт-азаттық көтерілісін басынан өткерген екен. 1931-1932 жылдары 7 млн. қазақтың 4 млн-ы аштан қырылды. 1,5 млн-ы шет елдерге босып кетті. Қазан төңкерісі мен қызыл қасап репрессия болмағанда қазақ халқы өзінің табиғи өсімімен осы күні 30 млн болып отырар ма еді, қайтер еді...

Ресей империясы 20 млн қазақтың құныкері болып қалды!

Соған сұрау салып жатқан кім бар?!

Кәуірге кеткен есе көп. Елден – ел, жерден – жер айырылды. Бізге қалғаны да – қанағат. Басымызға – тыныштық керек еді. Ел – егемен, жер – азат болғанда, «Анау – Машкевичтің жері!», «Мынау – Терешенконың жері!» деген тағы бір қанқу сөз шықты...Ертең ел басына күн туса: «Менің Алатауым! Менің Атырауым! Менің Сары-Арқам! Менің Алтайым! Менің Алашым!» деп ұрандап шығатын ұл туа ма?! Тумай ма?! Алла «Елім-ай» зарын Алаштың мандайына мәңгіге жазып қойған ба?! Бұл не сұмдық?!

Елдің киесі

Қазадауысты Қазыбек Қантожыға «Берсең – жөндеп бітімді айт, бермең – дірілдемей үйіңе қайт, не – тұрысатын жеріңді айт!» дегенде дұшпан үндей алмай қалады.

Сонда қаламқатар Қантожының қасына келіп:

– Бір жұдырықтай баладан қара суға түсіп, осынша дірілдеп кеткенің не?! – десе керек.

– Сендер білген жоқсындар, – депті Қантожы сонда, – Сөзін өңменімнен сұғып айтқанда, екі иығынан екі аю аузынан от шашып, «тыпыр етіп көрші, – көрейін!» – деп тұрды. Сендерге көрінбегенмен, маған – көрінді... Менің енді бұған қайтарып айтар сөзім жоқ. Мал мен жаным есептеп, алдына салып беріңдер!»

Алашынның азаттығы сыңға түскенде сол Қазадауысты Қазыбек бидің екі иығындағы екі аю аузынан от шашып, біздің де екі иығымызда айбат шегіп тұруға тиіс! Елдің киесі – ол!

Мына жарық дүниеде...

Мына жарық дүниеде өскінін ылғи ішіне жасырған дәл біздей шерлі жұрт бар ма екен?! Сол шер ел егемен болғанда да, шемеге айналып, көкіректе әлі тұншығып жатыр. Кейін осы өскінікті қанды кекке айналмасына кім кепіл?! Қорқынышты...

Талант хәм батыс

«АҚШ-та талантты қорғайтын этикалық бас басқарма бар екен» (Қали Сәрсенбай, ФБ). Өрелі жұрт табиғаты ғана емес, адами құндылықтарды да қорғауға міндетті!

• ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...


Колизей күйресе де, тобыр тарқамады

Адамның көкірек көзі ашылып, санасына сәуле түссе, рухы биіктеп, есінеген «мені» сілкінесе, манайына қарайлайды. Ал, қарайлаған адам өзі өмір сүріп жатқан қоғамының кем тұсын аңдап, наразылық білдірері сөзсіз. Дауысы шығады. Олар – ашкөз, ақыл, парасаты жоқ билеушілердің қас жауы. Ояңғандар бір-бірін тауып, біріксе – үлкен күш. Олар ұлт мүддесі үшін күреседі және жол бастайды. Жиған білімін, ақылын шырақ етіп, манайына жарық, сәуле таратады.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Арты қуыс» патшалар халқын тобырға айналдыру үшін небір айла-тәсілге, саясатқа барған. Өйткені, қай дәуірде, қай заманда болсын тобырға билік ету оңай. Айтқанына көніп, айдағанына жүреді. Ебін тапсаң, болғаны.

Мысал ретінде, бір заманда жаһанға сөзі өтіп, төңірегін ұшында ұстаған қуатты Рим империясының тағдырын баяндайық. Әскерінен жер қайысты, «ақ дегені – алғыс, кара дегені – қарғыс» болды. Міне, сол империяны бір кезеңде Флавий Веспасиан деген патша билеген. Астындағы алтын тағын ұрпағына мұра етіп қалдырғысы келген деседі. Бірақ, паңдығы сұмдық, лап ете қалатын жұртының ашуынан именіпті. Мақсатына жету үшін елінің ыстық илтипатына, құрметіне бөленуі керек болды. Бұқараның жүрегіне жол табу үшін Римнің қақ ортасына данқы жаһанға тараған Колизейді тұрғызды. 50 мың адам сыятын алып амфитеатр. Амфитеатр алаңында спортшылар емес, гладиаторлар шайқасты, мыңдаған көрерменнің алдында жан тапсырды. Көптің көңілін көтеру үшін құлдарды жыртқыштарға тірі жемтік қыл-



Қолжазба жасаған Айбек РАХИМЖАН

ды. Римнің қанқуар тобырына мұндай шоу ұнайтын еді. Қалың тобыр уақытының басым бөлігін Колизейдің трибуналарында өткізді. Тапқан дәулетін бөксе тікті. «Күнде думан, күнде той». Бәсінді тік те, тамашала. Шарпақа тойып, сайран сал. Ешкім «әй» демейді. Көзін жазықсыз құлдың қаны мен соры басқан тобыр империя саясатын, ұстанымын, ұлт

иемденеді. Әтеш, ит төбелесінен адам өліміне қуанытын денгейге жеткен тамырлы өркениеттің ақыры қандай болғанын кәрі тарихтан білесіздер. Атилланы «сқұлайдың қамшысы» деп қабылдаған сол соры қалың ежелгі жұрт еді.

Бүгінде Колизей жоқ. Заманалар көшкен, өркениеттер орын алмақсан. Бірақ, Колизейді 100 мың жанқүйер сыятын үлкен футбол

стадиондары алмастырды. Ереже-сіз жекпе-жек өтетін ареналар да бұрынғы амфитеатрлардың көшірмесі. Кейінгі қауым қылышпен қиылған төнді көрмесе де, шекеден, мұрыннан сорағалаған қанға маз. Бәс тігіп, алаңдағы бейбақтың азабынан қалта қаппайтады.

Олардың жаһандық проблемаларда жұмысы жоқ. Мұздықтардың ерігені, ормандардың өртенгені, оталғаны, ауызсу қорының азайғаны, әлемдік дағдарыс... «Бұл болмасаң, күл болдың» кейпі.

Қалың тобырдың көңілін аулап, қаһарманына айналған шоумен спортшылар да әбден байыған. Алаңда доп теуіп, пуб-

текті төмпештегені үшін қап-қап ақша алады. Артылғанын қайырымдылыққа жұмсап, жаһан жұртының көзіне сүйікті хәм ауялы образда көрінеді. Жарнамасы жер жарады. Тіпті, солардың даңқымен идеологиясын жүргізіп отырған мемлекеттер де бар. Мысалға Еуропа елдерін аласақ, жаңылмаймыз. Испания, Англия, Италия, Германия елдерінде футбол дегеніңіз жәй ғана спорт емес. Мысалы, испандықтар сүйікті клубының әр матчынан қалмайды. Тайлы-туяғымен стадионға ағылады. Бала-шағасымен жанқүйер. Бесіктен белі енді ғана шыққан бала өз кумирын ата-бабасындай қадір тұтады. Бұл – қанға сінген құмарлық. Осы сөзімің дәлелі ретінде бір дерек келтірейін. Коронавирус кезінде футболды тоқтатқаны үшін кәрі құрлықтың халқы жаппай көшеге шығып, ауқымды наразылық шерулерін бірінен соң бірін өткізген естеріңізде шығар? Сонда, оларға ала доптың қызығы өмірден артық болғаны ғой. Локдаун енгізген елдер шарасыздан стадиондарды ашып, футбол ойнауға еріксіз рұқсат еткен. Матчты қаңыраған трибуналармен тікелей эфир арқылы таратты. Тыйымдардан тіпті, мемлекеттердің өзі де қалтырады. Өйткені, қазыналарының шамамен төрттен бір бөлігі – клубтар мен спортшылардың салығына тәуелді. Бір кезеңде Испания Ла-лигасында өнер көрсеткен Леонель Месси мен Криштиану Роналдуның төлейтін салығының өзінен қазынаға қыруар қаражат түсетін. Спортшылардың дәрігерлерден, құтқарушылардан жүз есеге артық ардақталуы, мадақталуы – тобырлық психологияның ашық көрінісі.

Қымбат спорттық көліктер мініп, бренд киім киген, зәулім виллаға қоныстанған дәрігерді, полицейді, құтқарушыны, ұстазды көрмегеніңізге сенімдімін. Ал, енді мен сізге әлемдегі ең бай спортшыларды атайын. Мысалы, американдық баскетболшы Майкл Джордан допты еденге соққылап жүріп, спорттық мансабында 3,3 миллиард доллар тапқан. Таяқшамен жердегі шарды ұратын гольф деген ойынды білетін шығарсыз? Тайгер Вудс есімді спортшы сол шарды сарт-сұрт соғып жүріп-ақ 2,5 миллиард доллар жиген. Миллиондаған жанқүйері бар әлгі Леонель Месси мен Криштиану Роналду да осылардан қалып тұрған жоқ. Американдық боксшы Флойд Мейвезердің табысы шамамен 1 жарым миллиард долларды құрайды. Бұлар бергісі ғана. Аса танымал еместері қаншама. Олар тобырдың көңілін көтеріп, көзін арбағаны үшін осылай құрметтелуде. Негізгі миссиялары – осы.

2000 жыл бойы адамзатты тобырландыру ойындары жүріп келеді. Колизейден шарықтау алған амфитеатрлар дәуірі гүлденбесе, құлдыраған жоқ. Тобыр – қай уақытта да озат ойлылармен жасалған саяси күштердің қаруы болған. Флавий Веспасианның Колизейі осы міндетті атқарған еді.

Балаңыз таңнан кешке дейін смартфонға шұқшынып, не көріп отырғанын білесіз бе? Не көрсен де, тілі шала, ой – өрісі тар, кісікілік, ізденіске, еңбекке құлқы жоқ «кішкентай» адам өсіп келеді. Оған смартфон мен интернет болса, болғаны. Ол – келешек қоғамның бір өкілі. Артық сұрақ қоймасын деп, жұмыстан қажып келгенде аулаға, дүкенге сүйреп мазаламасын деп оларды да алдарқататын өзіміз. Бұл енді басқа әңгіме...

• ЕҢБЕК АДАМЫ

Теміржолда өрілген өмір жолы

Ерсін МУСАБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Өмір ағысы да, қоғам тынысы да белгілі бір заңдылыққа бағынады. Мысалы, маршрутта белгіленген аялдамадан тыс жерде жүйткіп келе жатқан жүк пойызын тоқтатуға болмайды. Бұл – тәртіп, ереже. Ал, адам баласы зейнет жасына жеткенде, ресми қызметін тоқтатады. Өмірінің жартысынан көбі жолда өткен мен де демалысқа шықтым. Бұл – өмір заңдылығы», – деді теміржол саласының ардагері, машинист Мейрам Рысқұлұлы Итбаев сұхбатымыздың басында. Ойлап қалдым. Алдында тепловоз машинисі емес, бейнебір философ адымын терең ой толғап, жүйелі сөз сабақтауы таң қаларлық жағдай ғой...

Сұхбатымыздың соңында оның да себебін тапқандаймын. ...Бұл Мейрам Итбаевтың зейнет демалысына шығар алдындағы тепловоз тізгінін ұстап соңғы рет жолға шығуы болатын. Өз тілдерімен айтқанда – «соңғы поездка». ТЧ-15 ұжымы дәстүр бойынша салтанатты түрде шығарып салған.

Ұзақ жол. Тепловоз кабинасында көмекшісі екеуі ғана. Көз алдында – қатар созылған болат рельс. Қос рельс түйіспейді. Ойға шомған машинист Мейрам мәңгі қосылмас қос рельс пен өмір құбылыстарын салыстырып келеді. Адам өміріндегі ақ пен қара, жамандық пен жақсылық, қуаныш пен қайғы осы рельстердей неге болмады екен? Ешқашан түйіспейтін. Түпсіз ойы осы жерге келгенде кілт үзіліп, өзінің теміржолдың бойында өрілген өмір жолының әр сәті көз алдынан өте бастады.

Шет ауданына қарасты Көктікөлі ауылы маңындағы 56-разъезд тұған. Балалық балдәурені осы бір шағын гана теміржолшылар бекетінде өтті. Әрлі-берлі ағылған пойыздар. Ауылдың барлық үлкендері – теміржолшылар. Бала атаулының өз міндеті бар. Бекеттегі санаулы үйдің сауын сиыры мен өріске шыққан қой-ешкісін теміржол жаққа жібермей, қайырып отыру – осы қара домалатқанды жауапкершілігіне. Мейрам да титтейінен осы жауапкершілікті арқалап өтті.

Малды қайырып тастап, теміржол бойына беттейтін. Өткен пойыздардың вагондарын санап жарысатын-ды. Өздері пойыз кестесін жатқа біледі. Әрқайсысы пойыздарды бөліп алған. Кімге тесілі пойыздың вагоны көп, сол – жеңімпаз. Бөкене бойлы, тығыршықтай қара бала Мейрам бекетке жақындағанда жылдамдығын азайтатын пойыздардың машинистірін көру үшін биіктеу дөңге жүгіреді. Сол жерден алып техни-

каны тізгіндеп бара жатқан машинистерге қол бұлғады. Өзінің де «Өскенде машинист болам» деген бала арманы сол кезде-ақ оянған. «Ана тілінен» 3-сыныпта оқыған «Қайрақбай» әңгімесінің әсері болар, соңғы кезде мал қайырып жүріп, теміржол бойын жағалауды дағдыға айналдырып алды. Ондағы ойы – рельстердің жалғанған жерінен ақау табылып қалса, Қайрақбай секілді келе жатқан пойыздарға белгі беріп, апаттың алдын алу. Осылайша, теміржол бойын жағалап өскен бала араға жылдар салып, өзі туған ауылдың үстінен талай рет жүйткіп өтті. Бұған да кішкентай бауырлары қол бұлғап, ақ жол тілеп тұрды.

Машинистер арасында «Соңғы поездканың жүгі ауыр» дейтін тәміл бар. Бұл жолы Мейрамның тепловозына тіркелген вагондардың емес, байырғы машинист санасында жаңғырған ойдың салмағы ауырлап келеді. Жол бойында өткен өмірі, әрбір сәт, әрбір оқиға алдербір қызықты киноның таспасындай көз алдынан зуылдап жатыр. Мына бір оқиға тіпті көмексіленбеген күйі ойына орала кетті...

Бірде жүк пойызымен Жезқазған қаласынан шығып, Қарағандыны бетке алып, жүйткіп келе жатқан. Қарағанды жол бөлімшесінің диспетчерінен хабарлама түсті. Жолшыбай «Манай» станциясына тоқтау керектігі тапсырылды. «Келесі жолаушылар пойызы келгенше кешігіп қаламыз. Станцияда теміржолшының аяғы ауыр келіншегі толғатып жатыр. Шұғыл түрде Жаңаарқаға жеткізу керек!». Диспетчерден түскен тапсырманың жалпы нобайы – осы.

Тоқтады. Аяғы ауыр келіншекті тепловоз кабинасына мінгізіп алып, жедел қозғалды. Қас қылғанда, келіншек Жаңаарқаға дейін шыдайтын түрі жоқ. Толғақ күшейіп берді. Тығырлықтан шығар жол іздеген Мейрам Рысқұлұлы тепловоз тізгінін жас көмекшісіне тапсырып, қиналған келіншектің жанынан табылды. Ақыры не керек, тепловозға келіншектен бірге мінген туысканы екеуі жас ананы аман-есен босандырып алды. Дәрі-дәрмек қобдиды пайдаланып, нәрестенің кіндігін кесіп, шақалақты анасының қолына тапсырды.

Сол оқиғадан кейін әріптестері Мейрамды «акушер», «кіндік әке» деп қалжыңдайтын болған.

Өмірінің 44 жылы теміржол саласында өтіпті. ТЧ-15 мекемесінде табан аудармай осынша жыл еңбек етті. Алғашында ДЕПО-ға слесарь болып орналасқан. Слесарь болып істегенінің де пайдасын



талай көрді. Жолда орын алатын жеңіл-желпі ақауларды өзі қалпына келтіріп алып, дйттеген жеріне кестелен кешікпей жеткені үшін сан мәрте алғыс арқалады. Тағы бірде Жезқазғаннан шыққан тепловоз қозғалтқышының бір секциясы Қызылжар станциясына келгенде істен шықты. Оны жөндеу мүмкін емес. Мамандандырылған ДЕПО-да «үшкірмесе», жол бойында қалпына келтіре қою болмайтын шаруа. Жүк тиелген составпен жолда қалу – ТЧ-15 мекемесі үшін ауқымды шығын. Жолдағы көптеген пойыздың кестесіне кедергі келтіреді. Тапсырыс беруші тараптың жүгі кешіксе, олар да шығынға батады. Ол шығынды өндіріп алу тағы бар... Түпкі шешімді қабылдайтын да – машинист. Осы жолы тәжірибелі машинист Мейрам Итбаев бір секциямен жүре беруге тәуекел жасады. Мұндай жағдай бұрын-соңды орын алып көрмеген екен. Екі секцияны алма-кезек қосып отырмаса, жалғыз секция ұзақ жолға шыдас бермейтінін де жақсы түсінеді. Сонда да, «тәуекел етіп, тас жұтуға» тура келді.

Сөйтіп, жалқы секциямен пойызды Жаңаарқа станциясына аман-есен жеткізген. Тексеріс басталды. Түсінік жазу, ақау себепін анықтау, кінәліні жазалау... Бізде қай салада болсын, осындай бюрократиялық үрдістің бел алып тұрған кезі. Жоғарыдан «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы қызметтік тексеріске білек сыбана кірісіп кеткен. Сараптама жасалды. Ақырында бұл тепловоз үш рет жоспарлы жөндеуге кірмеген, секцияларының әбден тозығы жеткендігі анықталды. Астанадан келген техникалық сарапшылардың бірі тексеріс қорытындысында: «Егер бұрынғы заман болса, машинист Итбаев Социалистік Еңбек Ері атанар еді. Жалғыз секциямен жүк тиелген составты осынша қашықтыққа жеткізу – нағыз ерлік» деген екен.

...Ойына өзін осы кәсіпке бауылған тәлімгерлері оралды. Мейрамның бойынан ерекше қасиеттерді аңғарып, оның слесарьлықтан машинистің көмекшісі болып ауысуына ықпалы ти-

ген сол кездегі ТЧ-15 мекемесінің басшысы Петр Москвавой, кадр бөлімінің басшысы Ләззат Рахимова, алғашқы машинисі Қорғанбек Оразбаев, нұсқаушы-тәлімгері Сақанай Тәжібаев, тәжірибелі машинист Чапай Оразбековтің шапағатын қалай ұмытсын?!

Өзі де абыройсыз, марапатсыз емес. Аты аталған тәлімгерлерінен сіңірген тәжірибесіне сүйеніп, өзінің еңбексүйгіштігі арқасында салалық министрліктің де, «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясының да сансыз марапаттарын иеленді. Жоғары санатты машинист атанды. Асыл жары Үміткер Жанайдарқызы екеуі ұлықты ұл, қылықты қыз тәрбиелеп, немере қызығына кенеліп отыр. Өзекті өртейтін өкініштері үлкен ұлдары Алтынбектің беймезгіл, жұмбақ жағдайда өмірден озғаны болмаса, бақтың бестігінде тербелген, қарапайым еңбекпен көсегелері көгерген отбасының бірі.

Жалпы, Итбаевтар әулеті – теміржолшылар династиясы. Әкесі Рысқұл марқұм өмірінің жарты ғасырдан астамын теміржол бойында өткізді. Қарапайым жолшыдан бастап, бригадир, кезекші лауазымдарын абыроймен атқарды. Рысекең марқұмның Мейрам бастаған бес баласы осы салада тер төкті. Итбаевтар әулетінің теміржол саласындағы еңбек өтілі екі жарым ғасырға жуықтап қалған екен.

Қазір Мейрам ағаның жалғыз ұлы Асыланбек те әке жолын қуып, машинист болып еңбек етіп жүр. II санатты машинист Асыланбек Мейрамұлы – бүгінгі таңда «Тальго» жүрдек пойызын тізгіндеген жас мамандардың бірі.

Зейнет демалысына шыққалы тепловозын сағынып жүр. Арасында жұмысқа қиетін майсінді күртесін иіскеп қояды.

...Бүгін Мейрам Рысқұлұлы жолға шықты. Қарағандыға. Ұлы Асыланбектің «Машиннамен барайық» дегеніне құлақ та асқан жоқ. Пойызға отырды. Машинист емес, жолаушы болып. Қаба жалды қара айғырдай кісінеген тепловоз жетегіндегі жолаушылар пойызы қара жерді солқылдатып жүйткіп барады. Мейрам ағаның жүрегі солқылдап қоя берді. Балдәурен шағының алтын бесігі 56-разъеден өтіп барады. Ана қырда мал қайырып, мына дөңде өткен пойызға қол бұлғаған. Сол көрініс бүгін де қайталанып тұр. Ауыл балалары пойызбен жарыса жүгіріп жүр.

Болат жолдың бойында болаты берік болып қалыптасқан болмыстың да толқитын сәті болады екен. Мекеңнің де көңілі толқып барады.

Мерекеңіз құтты болсын, Мейрам аға!

Логистика – экономиканың екінші тынысы



(Соңы. Басы 1-бетте)

Қарағанды облысында жолаушылар көліктерін жаңарту да жүзеге асырылып жатыр. №107 Қарағанды-Теміртау қалааралық бағытта қызмет көрсету үшін Yutong маркалы сегіз жаңа автобус сатып алынды.

Олардың барлығы маршрутқа шықты. Жыл соңына дейін Қарағанды облысында 165 жаңа автобус сатып алу жоспарланауда. Олар қалалық және қалааралық маршруттарға қызмет көрсетеді. Оның 33-і серіктес қалалармен маршруттарда жү-

шықарым.

Межелі міндеттерді орындауда теміржол көлігінің орны – ерекше. Болат магистральдардың еліміздің көлік саласындағы маңызы зор. «Қазақстан теміржолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қарағанды филиалы көптеген жылдар бойы жолаушылар мен жүк тасымалының үздіксіз әрі қауіпсіз болуын қамтамасыз етіп келеді. Жыл сайын Қазақстанның теміржол саласы үздік бағаға лайық болуда. Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап, елімізде 2,5 мың шақырым теміржол салынды.

Республика арқылы жалпы ұзындығы 23 мың шақырым болатын бес халықаралық автомобиль маршруты өтеді. Қазақстанда 22 ірі әуежай бар болса, оның 14-і халықаралық тасымалдарға қызмет көрсетеді. Қазақстанның кеме қатынасы үшін ашық су жолдарының ұзындығы – 4 436 шақырым.

мыс істейтін болады. Қарағанды агломерациясының 30 мыңнан астам тұрғыны үшін атап айтқанда, күн сайын осы орталығына келетіндер үшін бұл жақсы қолдау мен үнемдеу болды. 2021 жылдың соңында енгізілген ONAY! электронды билет жүйесі қоғамдық көлік жолаушыларының өмірін айтарлықтай жеңілдетті. Қазір ONAY! Қарағанды автобустарында да, облыс орталығын серіктес қалалармен байланыстыратын маршруттарда да жұмыс істейді.

Жүйе билеттеу процесін ашық әрі жариялы етуге мүмкіндік берді. Сонымен бірге, қалааралық маршруттарда жол жүру құны екі есе арзанды. Республика арқылы жалпы ұзындығы 23 мың шақырым болатын бес халықаралық автомобиль маршруты өтеді. Қазақстанда 22 ірі әуежай бар болса, оның 14-і халықаралық тасымалдарға қызмет көрсетеді. Қазақстанның кеме қатынасы үшін ашық су жолдарының ұзындығы – 4 436

Бүгінде Қазақстан теміржолы әлемдік көлік жүйесінің бір бөлігі саналады. Жемісті келісім нәтижесінде Түрікменстан, Иран, Парсы шығанағы елдеріне тікелей тасымал жүзеге асырылады. Сөйтіп, соңғы 10 жылда транзитті контейнер тасымалы төрт есе артқан. Қазіргі уақытта теміржол желісі арқылы жалпы жүктің 80 пайызы тасымалданады. Мұнымен бірге, жолаушылардың 60 пайызы көліктің осы түрін таңдайды екен.

Облыстың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде Қарағанды қаласы «Сарыарқа» әуежайының да маңызы зор.

«Шабаттың көлік күйі тілейді» дейді халық даналығы. Алыс пенен жақындап жортқан білер. Көлік атаулысын тізгіндеп, өмірлік қасібіне деген адалдығы, жауапкершілігі, қажырлы қызметі үшін көлік қызметкерлеріне алғыс айтып қойған ләзім. Алыс сапар алғашқы қадамнан басталады. Қадамның қайырлы болсын, көлік қызметкері!

• ТӘБІРІК

Өткен күннен сыр шерткен

Қарағанды жол бөлімшесінің мұражайы Сұрыптаудағы Теміржолшылар сарайына келген азаматтарды өткен күнге жетелейді. Тарихтың тамыры болған жәдігерлер осы жерде сақталған. Мұражай «ҚазКөлікКәсіп» Қарағанды филиалына қарайды. Төрағасы – Яхия Әлмусин.

Мұражай жәдігерлері негізінен теміржолшылар мен Қарағанды – Сұрыптау станциясындағы зейнеткерлердің күшімен жинақталған. Мұражай қорында теміржолшылардың ерен еңбегі туралы 450-ден астам жәдігер мен альбом бар. Құндылығы арта түскен мұра Ақмола-Қарағанды жолының құрылысы аяқталғаннан бастап, Қарағанды станциясына келген алғашқы пойыз Қарағанды жол бөлімшесінің пайда болуы және даму тарихын баяндайды.

Сонымен бірге, соғыс ардагерлеріне, облысқа танымал теміржолшыларға арналған стендтер орнатылған. Барлық жәдігерлер мұқият сақталған, оның ішінде 1970-1977 жылдары Қарағанды жол бөлімшесін басқарған Михаил Дидиктің жұмыс киімі, қалпағы, жазу материалдары, кеншілердің сыйлықтары да тұр.

Оған қоса, мұражайда па-



ровоз, VL80S электровозының, жолаушылар вагоны макеттерін, Ақадыр станциясы мен оған жақын орналасқан теміржолдардың, балалар теміржолының, электрленген желі макеттерін көруге болады. Жезлдік аппа-

рат, теміржолшылардың жұмыс құралдары, сигнал шамдары, машинисттің құрал қорабы (дауылпаз) және басқа да заттар көз тартады.

– Мұражайда көрме, экскурсия жиі өткізіледі. Оған теміржол кәсіпорындарының қызметкерлері, жергілікті мектеп оқушылары, салалық оқу орнының студенттері және теміржол тарихына қызығушылық танытатындар

келіп, қызықтайды, – дейді музей менеджері Татьяна Колузаева.

Татьянаның айтуынша, ол Қарағанды жол бөлімшесінің 50 жылдығына орай ұйымдастырылып, 1989 жылы желтоқсанда сол кездегі Қарағанды жол бөлімшесінің бастығы Юрий Расстрыгиннің басшылығымен ашылған.



құрылысы аяқталып, Қарағанды станциясына алғашқы пойыз келді. Машинист – Николай Долгонцев.

Ұзындығы 223 шақырым болатын теміржол төселді.

1933 жылы 55 шақырым торабында – Қарағанды-Сұрыптау станциясында – Қарағанды локомотив депосының негізі қаланды.

1939 жылы 3 желтоқсанда Қарағанды теміржол бөлімі құрылды.

Қарағанды жол бөлімшесінің бірінші басшысы – Леонид Сущенко.

Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан ардагерлеріне арналған қабырғада осы бөлімшеден әскерге шақырылған 525 теміржолшы туралы дерек те бар. Олардың көпшілігі майданнан оралып, теміржол кәсіпорындарында абыроймен еңбек етуді жалғастыраған...

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ



Дуальді оқыту: теорияның өндіріспен ұштасуы

Бүгінгі күннің болмысы кәсіби білім жүйесі алдында еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлау, өз мамандықтарын жетік меңгерген, өз мамандығы бойынша тиімді жұмыс жасауға қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге дайын, әлеуметтік және оңтайлы кадрларды даярлауды талап етеді. Осыған байланысты, қойылған басты міндет – мемлекеттік құрылымдардың күшін біріктіріп, жұмыс берушілер мен оқу орындарын облыстық кәсіпорындар мен өнеркәсіптерді білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесінде жұмылдыру.

Бүгінгі таңда еңбек нарығында жоғары білікті мамандар тапшылығы ерекше орын алууда. Қалыптасқан жағдайдың негізгі себепшісі білім беру үрдісін ұйымдастыру және жүйедегі мәселелер. Яғни, жас маманның бойынша табылуға тиісті тәжірибелік дағды, білім мен тәжірибені талап ететін нақты өндірістік жағдайлардан теориялық білім берудің алшақтап кетуі. Қалыптасқан жағдайда теория мен практиканың арасындағы алшақтықты жою мәселесімен жұмыс берушіге күресуге тура келеді. Себебі, білікті мамандармен қамтамасыз ету – бұл жетістікке қол жеткізудің кепілі. Мұндай жағдайда жас мамандардың оқу үрдісінде алған білімдерін жүзеге асыру жоспарланатын кәсіпорын қызметінің ерекшелігін ескере отырып, қосымша оқу, тәжірибеден өту, қайта даярлау қажеттілігі туындайды.

Қазіргі кезде әлемде оқытудың дуальді жүйесі – техникалық және кәсіптік мамандар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі. Оның ерекшелігі сол кәсіптік оқыту үдерісінің басым бөлігі оқу орнында емес, кәсіпорындарда технологиялық, диплом алдындағы тәжірибелерден өтетіндігінде. Нақты өндіріс жағдайларына бейімделген, жұмыс орнында дағды мен білімді тікелей игеруе бағытталған, практикалық сағаттардың оқыту бағдарламасына барынша үйлесіммен біріктірілетін білікті мамандарды дайындау қазіргі кезде білім берудің дуальді жүйесі деген атпен белгілі.

Дуальді оқыту жүйесі – ол теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы. Бұл алғаш Германияда пайда болып, негізі калады. Дуальді оқыту жүйесінің кәсіби мамандар даярлауда тиімділігі мен нәтижелілігі зор екендігі тәжірибеде дәлелденген. Дуальді оқыту жүйесі қазіргі дүниежүзілік тәжірибеде бар дүние. Оның жарқын мысалдарының бірі – Германиядағы кәсіптік-техникалық білім берудегі даярлаудың дуальдік жүйесі. Мұнда студенттер уақытының үштен екі бөлігінде еңбек ете жүріп, өндірістен қол үзбей оқиды. Тек уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға, білімді ұйымдастыруға арнайды.

Дуальді оқыту жүйесінің негізгі мақсаты – техникалық – кәсіптік оқу орындарының жұ-



мыс беруші жеке сектордағы өндіріс, шаруашылық мекемелерімен серіктестік ретінде бірлесіп отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгеруге дайын жұмысшы мамандар даярлау.

Дуальдік жүйе бойынша оқыту білім алушылардың кәсіби біліктері мен дағдыларды, іскерліктері тікелей жұмыс орнында меңгеріп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік береді. Түрлі жүйелердің – білім, ғылым, өндірістің – өзара байланысын, әсерін, кірігуін қамтамасыз ету арқылы кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын арттырады.

Дуальдік жүйе оқытудың дәстүрлі жүйесінің негізгі кемшілігін – теория мен тәжірибенің арасындағы алшақтықты жояды. Сондай-ақ, дуальдік білім беру жүйесінің механизмінде кәсіби маманның жеке тұлғасына әсер ету, болашақ маманның жаңа психологиясын жасау жатыр.

Білім алушы сабақты, дәрісті тыңдағанда дәрістің 10%-ы есінде қалады. Көргенде 40% мәліметті сақтайды да, артынша қайталап айтса, 70% есінде сақталады. Егер де көргенін, не естігенін өзі жасаса, мәліметтің 90%-ын қабылдайды екен. Бұдан білім беру оқыту үрдісі үнемі көрнекі құралмен, практикалық іс-әрекетпен ұштасуы қажет деген ұғым туады.

Қазақстанда дуальді жүйені енгізу жобасы Erasmus+ бағдарламасы аясында жүзеге асырылады. Жобаның мақсаты – жұмыс

берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес студенттердің құзыретін жақсартатын, түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін арттыратын және жеке сектормен ынтымақтастықты нығайтатын Қазақстандағы дуальді жүйені бейімдеу.

Жобаның міндеттері – заңна-



маға өзгерістер енгізуді ұсыну, Қазақстанда дуальді білім беруді бейімдеу бойынша нормативтік құжаттар дайындау қажет деп біледі. Студенттерге формальды білімді жұмыс орнында алған оқумен үйлестіре отырып, анағұрлым өзекті білім мен дағдылар алуға мүмкіндік беруді көздейді. Жұмыс берушілердің, жоғары оқу орындары мен студенттердің, өнеркәсіптің түрлі саласындағы қажеттілік пен мүддені қолдайтын дуальді жоғары білім беру моделін әзірлеу. Сондай-ақ, жоғары оқу орындарына дуальді білім беруді енгізу бойынша ұсынымдар беру, кәсіптік колледждердің бағдарламаларын жоғары оқу орындарына түсушілерге қойылатын талаптармен үйлестіру, жоғары оқу орындары мен компаниялардың дуальді оқытуды қолдауға және енгізуге қызығушылығын арттыру, студенттердің оқудан шығарылуын төмендету, дуальді білім беру мен кәсіптік оқытудың желілік және зерттеу орталығын құру міндеті тұр.

Осылайша оқу үрдісіне дуальді оқыту жүйесін енгізу арқылы күтілетін нәтижелер аз емес. Атап айтқанда, ең бірінші, теория мен тәжірибе сабақтар арасындағы алшақтық жойылады. Түлектердің жұмысқа орналасу мәселесі оң шешімін табады.

Оқу орны жұмыс берушінің болашақ мамандарға деген талаптарын үнемі ескеріп отырады. Жұмыс берушілер өндіріс талабына сай білім алушыларға қойылатын біліктілік талаптарды дайындауға, кәсіптік стандарттарды,

дуальді оқу жүйесі бойынша модульдік оқу бағдарламаларын дайындауға қатысады. Дуальді оқу жүйесімен оқыған студент белгілі құзыреттерді меңгерген кәсіби маман болып қалыптасады. Мұның сыртында, қызметкерлердің дуальді білім алу жүйесі білім алу мен жұмысқа дағдылануға жоғары мотивация береді. Өйткені, олардың алған білімдерінің сапасы жұмыс орындарында атқаратын қызметтік міндеттеріне тікелей байланысты болады. Қазіргі таңда Қазақстанның көптеген өңірлерінде KAZDUAL жобасының пилоттық бағдарламасын жүзеге асыру бағытында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Ақиқатында, дуальді оқыту жүйесі арқылы жастарға ересек өмірге өтуге, бейімделуге жеңіл болады. Оқу барысында өз еңбегіне ақы ала отырып, ал кейін жақсы маман жұмыс орнына келергісіз орналасады. Дуальді оқыту жүйесі Германия, Аустрия, Дания, Нидерланды, Швейцария сияқты көптеген еуропалық елдерде және соңғы жылдары Қытайда және Азияның басқа да елдерінде кең тараған және оң нәтижеге ие болып отыр. Осы дамыған елдердің қатарында Қазақстан да биік тұғырдан көрінетініне сенімдімін.

**Б.БЕЙСЕНБАЕВА,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті
шет тілдер факультетінің
аға оқытушысы, педагогика
ғылымдарының магистрі**

• КЕЗДЕСУ

«Оқырман» – алтын көпір

Қарағанды қаласындағы «Оқырман» кітап дүкенінде филология ғылымдарының докторы, профессор, алаштанушы, жазушы Тұрсын Жұртбаймен кездесу өтті. Кездесуге ұлт жана-шыры, белгілі кәсіпкер, мененат, «Natiqe» ЖШС директоры Ерлан Әшім ағамыз ұйытқы болды.

**Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»**

Әдебиет әлемінің тұңғығына бойлап, әр шығарманы зерделеп, көркем туындыны өз деңгейінде түсінудің өзі бір ғанибет дүние. Ал, әдеби шығарманы оқып, түсінумен қатар, оның жазылу тарихын білу – бөлек әңгіме. Міне, күнде қолға түсе бермейтін осындай бағалы сәттерге осы кездесуде куә болдық.

Өте қызықты әрі танымға толы жиында «Абай жолы» роман-эпопеясы туралы ғана емес, заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылық жолына қатысты да тың деректер, Алашорда туралы көп айтыла бермейтін мәліметтер ортаға салынды.

Айтқұл Төлеуханқызы, Құл-шім Төлеуханқызы, Желтоқсан оқиғасының ардагерлері Абай Абдрахман, Жәлел Әуез ағаларымыз және мектеп ұстаздары, жастар, қала тұрғындары қатысты.

– Тұрсын Құдакелдіұлының Алаш тақырыбындағы зерттеулерін жастана оқығанмын. Ғылымға, қаламға адал жан. Ғылым деп айтуға тұрарлық, қазақ ғылымына өлшеусіз үлес қосқан соқталы тұлға. Жазушылығы бір төбе. Портреттері мен мақалалары бір бөлек. Ал, Құнанбай қажы туралы еңбегін оқығанда қатты таң қалдым. Тарихи шындық пен көркем шындықтың аражігін ажыратып берген өлмейтін туынды. Кездесу жоғары деңгейде өтті. Ұйытқы болған Азаматтарға мың алғыс, – дейді М.Әу-



Аталған кездесуге аймақтың белгілі тарихшы ғалымдары Сағындық Жауымбаев, Нұрсәхан Бейсенбекова, Маулен Жакин және ғылымға талаптанып жүрген Әділет Жағыпар, ардагер ұстаздар Ғазиза Ғабдоллақызы,

езов атындағы орталық қалалық кітапхананың өлкетану әдебиеттері бөлімінің меңгерушісі Айтқұл Төлеуханқызы.

Кездесу емен-жарқын еркін форматта өтіп, сұрақ-жауап түрінде өрбіді.

• АКЦИЯ

Жәрмеңкеде – оқушы киімі

6 тамызда Сұрыптау кентіндегі «Теміржолшылар» сарайында «Дарабоз» қоғамдық қорының негізін қалаушы Әсемгүл Жакыпованың ұйымдастыруымен «Мектепке жол» акциясы өтеді. Шара аясында «Қолөнерім – қазынам» атты жәрмеңке өтпек. Жәрмеңкеде қор мүшелігіндегі қолөнершілер төл туындыларын ұсынады.

**Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»**

Жәрмеңкеде шеберлердің тіккен ер және қыз балаларға арналған мектеп формалары, сомке, қойлек, шалбар нарықтағыдан әлдеқайда төмен бағада саудаланбақ. Одан бөлек, шеберлердің қолынан шыққан ұлттық нақыштағы киімдерді де төмен бағада сатып алуға болады.

– Киімдердің сапасы – жоғары. Шеберлеріміз әуелі сапаға мән береді. Әрі өнімдерімізді нарықтағы бағадан төмен саудалаймыз. Бұл шара – ұлттық құндылықтарымызды, ұлттық өнімді насихаттауға бағытталған. Бүгінде көбіміз шет елден келген тауарларды тұтына-тынмыз рас. Неге өзіміздің шеберлерімізге қолдау көрсетпейміз? Өнімдері шетелдіктерден аспаса, кем түспейді, – деді Әсемгүл Кәдетқызы.

• БАЙҚАУ

Қарағандылық дизайнер – үздік үштікте

Қазақстандық спортшылар келесі жылы Париж қаласында өтетін төрт жылдық айтулы спорт додасы Олимпиада ойындарына қатысады. Онда алғаш рет еліміздің брейкданс және скейтбордшылар құрамасы бақ сынайды. Ал, олардың қандай киіммен шығатыны OLYMP URBAN халықаралық байқауында анықталды.

**Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»**

Халықаралық байқаудың қазылар алқасы көптеген киім үлгісінің арасынан ұлттық ерекшеліктерімізді, болмысымызды ескеріп, ең ыңғайлысын таңдаған. Мамандардың айтуынша, біздің бишілердің мүмкіндігі – жоғары. Қазақстандық спортшылар әлемнің барлық рейтингтік жарыстарында үздік ондыққа кіреді. Олардың әдемі киінуі одан да маңызды. Форма елдің тарихы мен салтынан, тұтас мінезін хабар беріп тұруы керек. Сонымен қатар, бастысы спортшыларымыз



труктерді киналмай жасауға, кедергісіз өнер көрсетуі тиіс.

Байқау тартысқа толы болыпты. Тіпті, басқа елдерден де үміткерлер келген. Бірақ қазақстандықтар оларды адал бәсекелестік

жолымен финалға жеткізбеді. Фестивальдің қазылар алқасында туризм, дизайн, спорт саласының үздіктері болды.

Байқау барысында брейкданс және скейтбординг бойынша ұлттық құраманың спорттық формасының дизайнері болу құқығына Атырау, Астана, Орал, Қарағанды және Атбасардан сегіз финалист күрескен.

Байқау түрлі-түсті көрсетіліммен және шоумен аяқталды, модельдер тек формасын көрсетіп қана қоймай, онда жұрт назарына би өнерін де ұсынды. Нәтижесінде, қазылар алқасы жалғыз дизайнерді таңдай алмады. Өйткені, бірінен-бірі асады. Сондықтан, үздік үш үміткер анықталды және оларға соңғы өнімді жасау үшін бірігіп жұмыс істеу ұсынылды.

Аталған бақытты үштікке Қарағандыдан Ерлан Османов, Орал қаласынан Ольга Питерскова һәм Атбасардан Мария



Стригун енді. Марапат ретінде олардың әрқайсына миллион теңгеден табысталды.

– Өз көзқарасымды дәлелдеп шықтым. Өйткені, қазіргі жастардың мінезін, қалай киінетінін, талғамын жақсы білемін. Брейкданс және скейтборд мен үшін өнер түріне жатады.

Спорт түріне жатқызып, олимпиадаға қосқанына қуаныштымын. Біздің үлгіде ел құрамасының шығатынына өте қуаныштымын. Оның үстіне, өзім де брейк билеймін. Сон-

дықтан да, би алаңына қандай ыңғайлы киім керек екенін жақсы түсінемін. Еліме пайдам тисе, арманым жоқ, – дейді Ерлан Османов.

Сонымен қатар, атыраулық дизайнер Мәдина Ашықбаева Kazakh Tourism ұлттық компаниясынан ынтымақтастық туралы ұсыныс алды. Ал, Ольга есімді қатысушы new generation Open Way жас дизайнерлер байқауының финалына қатысуға шақыру және Alma U. магистратурасында оқуға грант жеңіп алды.

• ТУРНИР

Жаяу жүріп, шаң қаптырды

Қарағанды аймағы – жүздеген чемпионды дүниеге әкелген топырақ. Апта сайын жерлестер жеңіс тұғырынан көрінетін үрдіс қалыптасқан. Мәселен, Алматыда өткен халықаралық турнирде теміртаулық жаттықтырушы Ярослав Косулина скандинавиялық жаяу жүруден Әлем кубогында жеңімпаз атанды. Бәсекеге әлемнің он елінен 300-ден астам спортшы қатысқан болатын. Бұл туралы дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз қызметі хабарлады.



көп адамға көмек болғанын да ерекше атайды. Мына жеңісті жолда да жеңімпаз өзінің дем алу техникасын қолданған.

– Әлем кубогы кезеңінде қашықтықты бір деммен жүріп өттім. Өз техникамен дем алдым.

Техника маған жеңіске жетуге көмек болды. Жалпы, мен жаңалыққа ынталымын. Мектептердегі, секциялардағы, үйірмелердегі пессимист адамдар көңілді, белсенді азаматтарға айналса, маған зор қуаныш, – дейді Ярослав Косулина.

Қызғалақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан намысын Темір-тау қаласының скандинавиялық жаяу жүргіншілері қорғады. Жаттықтырушысы Ярослав Косулина бастаған төрт адам бес шақырым қашықтықта бақ сынады. Тәлімгер 50-59 жас санатында бірінші, ал абсолютте екінші орынды иеленді.

– Біз өз жеріміздегі әлемнің үздік спортшыларымен бәсеке-лесудің бірегей мүмкіндігін пайдаландық. Команданың барлық қатысушылары өздеріне тиесілі қашықтықтарды абыроймен өт-

керді, – дейді Ярослав Косулина. «54 жастағы Ярослав Косулина – күш-қуаты сарқылмайтын жігерлі жан. Ол облыстық мүгедектер спорты мектебінің пауэрлифтинг бойынша жаттықтырушы-оқытушысы. 2013 жылы Теміртауда сәбилерге арналған мектеп ашқан еді. Онда сабиге дейін жүзіп үйренеді. Ал, 2007 жылы скандинавиялық серуендеуге қызығушылық таныта бастады. Осы спорт түрінің сертификатталған маманы», – дейді басқарманың баспасөз қызметі.

Құзырлы орындар Ярослав Косуланың тыныс алу жаттығулары әзірлегенін, оның ковид кезінде

Отчет ТОО «АлемГаз» об исполнении тарифной сметы за 1 полугодие 2023 года

Характеристика компании
ТОО «АлемГаз» зарегистрировано в качестве хозяйствующего субъекта 14 октября 2005 года и приступило к деятельности на рынке газоснабжения г. Караганды и области с января 2006 года. Приказом ГУ «Управления по тарифам Карагандинской области» № 32-ОД от 15 февраля 2006 г. включено в местный раздел Государственного регистра субъектов естественных монополий. Компания обслуживает:

Адрес	Кол-во ГРУ	Газопроводы всего , пм
Ленинский район	119	36 346
Советский район	110	28 633
Октябрьский район	39	14 592
Кировский район	2	754
Железнодорожный р-н	26	7 137
Всего по Караганде	296	87 462

Утвержден предельный тариф на 5 лет, тенге/кг	Принято в ТС на 2023 год, тенге/кг	Объем оказываемых услуг в ТС, тыс. кг	Фактический объем оказываемых услуг, тыс. кг
83,2	90,55	2 549,79	1 194,05

Наименование показателей	Факт 1 п-е 2023год
Коэффициент автономии (СК/СА)	0,4
Коэффициент рентабельности продаж	-0,8
Рентабельность по чистой прибыли	-0,8
Коэффициент оборачиваемости ДЗ в днях	20
Коэффициент оборачиваемости КЗ в днях	12
Коэффициент текущей ликвидности	0
Коэффициент быстрой ликвидности	0,9

Наименование показателей	Утверждено в тарифе	Факт 1 п-е 2023год	отклонения в %
Затраты на производство товаров и предоставление услуг всего	218 112,10	76 936,36	-65%
Материальные затраты	12 465,98	6 925,85	-44%
Затраты на оплату труда ППП и налоги	161 417,39	51 033,25	15%
Амортизация основных средств	4 145,36	1 309,94	-68%
Ремонт	14 428,96	5 147,22	-64%
Услуги сторонних организаций производственного характера	15 622,88	6 448,98	-59%
Прочие затраты	10 031,53	6 071,13	-39%
Расходы периода, всего	12 773,73	6 755,08	-49%
Затраты на оплату труда АУП и налоги	12 773,73	6 755,08	-49%
Амортизация		99,86	-100%
Налоговые платежи и сборы	237,67	17,12	-93%
Командировочные расходы		13,34	0%
Коммунальные услуги	29,08	24,28	-5%
Услуги связи	109,36	73,21	-33%
Услуги банка	486,01	151,68	-69%
Другие расходы	1 826,68	1 570,32	-14%
Всего затрат	230 885,83	83 691,44	-64%
Прибыль /убыток		-21 338,14	

Всего доходов	230 885,83	62 353,29
тыс.кг	2 549,79	1 194,05
тыс.тенге	230 885,83	62 353,29
Тариф (цена, ставка сбора) (без НДС)	90,55	70,09
Справочно:		
среднесписочная численность работников всего, человек	68	57
производственного персонала	64	53
административного персонала	4	4
Среднемесячная заработная плата всего, тенге	188 348	146 870
производственного персонала	188 348	144 337
административного персонала	188 349	180 433

Утверждено в тарифной смете	Факт 1 п-е 2023год	Отклонение %
14 429,00	5 209,00	-64%

Наименование видов ремонтов	Факт показатели за 6 мес.2023г	В т.ч. транспортировка газа через ГРУ
Материалы для текущего ремонта автомашин	71 264	34 710
Обслуживание ВДГО (материалы)	733 461	733 461
Рем.-сервисное обслуживание машин	1 315 642	1 014 629
Ремонт ГРУ (материалы)	3 304 540	3 259 550
Ремонт баллонов (материалы)	252 759	37 914
Ремонт и замена ветхого газопровода	0	0
Ремонт оборудования (материалы)	56 473	8 471
Ремонт оборудования ГНС (материалы)	330 546	49 582
Ремонт цехов (материалы)	9 281	1 392
Ремонтно-строительные работы (материалы)	103 205	15 481
Ремонт оргтехники	359 900	53 985
Всего, тенге:	6 537 071	5 209 175

Наименование мероприятий	Ед.изм.	Кол-чество	Сумма, тыс. тенге	Собственные средства
2022			0	0
2023				
Капитальные ремонты увеличивающие стоимость	установка	1	4 145	4 145
2024				
Капитальные ремонты увеличивающие стоимость	установка	1	4 353	4 353
2025				
Приобретение УАЗ -390995-4552-04	шт	1	6 491	6 491
2026				
Приобретение УАЗ -390995-4552-04	шт	1	6 816	6 816
Всего 2022-2026			21 804	21 804

№202

ХАБАРЛАНДЫРУ

(қоғамдық тыңдаулар)

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2023 жылы 19 қыркүйекте сағат 11:00-де Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бақты ауылдық округі, Бақты ауылы, Тәуелсіздік к-сі, 13, Бақты ауылдық округінің әкімдігі ғимараты мекенжайында 1. «2024-2026 жылдарға «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Филиалы - «Қарағандытүстімет» ӨБ «Абыз» кенішінің шахта сулары ластағыш заттарының жол берілетін төгінділері нормативтерінің (ЖТН) жобасы»;

2. «2024-2026 жылдарға «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Филиалы - «Қарағандытүстімет» ӨБ «Абыз» кенішінің атмосфераға ластағыш заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің (ЖШН) жобасы» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Ықпал ету аумағы - Қарқаралы ауданы, Абыз а. Қоғамдық тыңдаулар өтетін аумақ: Қарқаралы ауданы, Бақты ауылдық округі, Бақты ауылы.

Жоспарланған қызмет бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БИН 050140000656. Өкілі: Бимаганбетов Ж.Х. тел. 8(777) 576-70-70, Zhenisbek.Bimaganbetov@kazakhmys.kz эл. мекенжайы.

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БИН 060641009902. Өкілі: Сулейменова А.Б., байланыстар тел. 8 (777) 672 32 36, Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz эл. мекенжайы.

Жоба материалдары келесі сайтта орналастырылды: esportal.kz және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru>.

Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар esportal.kz сілтемесі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулардың өткізілуі туралы қосымша ақпаратты, сонымен қатар жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz эл. мекенжайы және 8 (777) 672 32 36 тел. нөмірі бойынша сұрауға болады.

Тіркеу қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 15 минут бұрын жеке куәлікті ұсынумен жүргізіледі.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Онлайн қосылуға сілтеме:

<https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=md87def8f5b2d6868a44fdb8a3a626a5f>

Конференция сәйкестендіргіші: 2514 929 3734
Қолжеткізу коды: 123456zZ

ОБЪЯВЛЕНИЕ

(общественные слушания)

ТОО «Корпорация Казахмыс», сообщает, что 19 сентября 2023 года в 11:00 часов по адресу Карагандинская область, Каркаралинский район, Бақтинский сельский округ с. Бақты, ул. Тауелсіздік, 13, здание Акмата Бақтинского сельского округа состоится общественные слушания в форме открытого собрания по проектам: 1. «Проект нормативов допустимых сбросов (НДС) загрязняющих веществ шахтных вод рудника «Абыз» филиала ТОО «Корпорация Казахмыс» – ПО «Карагандацветмет» на 2024-2026 г.г.»;

2. «Проект нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу (НДВ) рудника «Абыз» филиала ТОО «Корпорация Казахмыс» – ПО «Карагандацветмет» на 2024-2026 г.г.».

Территория воздействия - Каркаралинский район, с. Абыз. Территория, на которых будут проведены общественные слушания: Каркаралинский район, Бақтинский сельский округ с. Бақты.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Бимаганбетов Ж.Х. тел. 8 (777) 576-70-70,

эл. адрес Zhenisbek.Bimaganbetov@kazakhmys.kz.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 060641009902. Представитель: Сулейменова А.Б., контакты: тел. 8 (777) 672 32 36, эл. адрес Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте: esportal.kz и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru>.

Замечания и предложения по проекту принимаются по ссылке esportal.kz в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и номеру тел. 8 (777) 672 32 36.

Регистрация производится за 15 минут до проведения общественных слушаний при предоставлении удостоверения личности.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Ссылка на онлайн подключение:

<https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=md87def8f5b2d6868a44fdb8a3a626a5f>

Идентификатор конференции: 2514 929 3734
Код доступа: 123456zZ

д

• ҚЫЛМЫС

Қару-жарақ табылды

3 тамыз күні кешкі уақытта облыстық полиция департаментінің криминалдық полиция басқармасының қызметкерлері мен ІІМ қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің жедел басқарма қызметкерлерінің бірлескен жедел-іздестіру шаралары барысында Қарағанды қаласының шетіндегі орман алқабынан жасырылған қару-жарақ пен оқ-дәрілер табылды. Бұл туралы Polisia.kz сайтында жарияланды.

Жансия ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Оқиға орнына барған жедел-тергеу тобы қызметкерлері «Байқал» маркалы тегіс ұңғылы «Мылтық», «Соваж» маркалы қос ұңғылы карабин, 12 калибрлі қос ұңғылы шалак мылтық, ИЖ-21 тегіс ұңғылы мылтық, Макаров тапаншасын, әртүрлі калибрлі 188 бірлік оқ-дәрі және ішінде 1440 патроны бар мөрленген мы-

рыш қорап тәркіледі.

Қазіргі уақытта тәркіленген қару-жарақ пен оқ-дәрілерге тиісті сараптама ал тағайындалды.

Аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287-бабы 3-бөлігіне сәйкес қылмыстық іс қозғалды. Көрсетілген баптың санкциясына сәйкес бес жылға дейін бас бостандығын шектеу, не болмаса сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Қарағанды облысы: ауа райы

	5 тамыз		6 тамыз		7 тамыз	
Қарағанды қаласы	+30	+18	+28	+18	+26	+16
Абай ауданы	+30	+16	+28	+17	+36	+15
Ақтоғай ауданы	+32	+17	+26	+17	+25	+14
Бұқар жырау ауданы	+27	+16	+25	+16	+21	+16
Қарқаралы ауданы	+29	+14	+20	+17	+27	+14
Нұра ауданы	+29	+17	+27	+16	+23	+16
Осакаров ауданы	+28	+18	+27	+16	+26	+16
Шет ауданы	+31	+18	+29	+18	+26	+15

Ақпарат: <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің экономика факультеті түлектерді бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды: «IT-касіпкерлік және цифрлық экономика» (математика + информатика), «HR-экономика және еңбек қауіпсіздігі», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика + математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» (докторантура бар), «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару», «Бизнес-аналитика және консалтинг», (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қоғам үй бизнесі» (география + шет тілі), Грантка түсу үшін – ҚарУ коды – 031; Мемл. лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрілігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

№409

Қарағанды Шинсервис

Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

ШИНАЛАР

• жедел автокөліктер үшін
• жедел жүк көліктер үшін
• тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
• арнайы техникалар үшін

ЕВ АРАҢ ШИНАЛАР
САТПАЙМЫЗ,
ЕВ АРАҢДА БАҒАЛА
САТАМЫЗ

Қарағанды қ., қойма: Асфальттың көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800



• БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 355 ЖЫЛ

Жыршы-жыраулар – Арқада

Бұқар жырау Қалқаманұлының 355 жылдығына арналған «Бұқарекен жырлайды» жыршы-жыраулар фестивалі өтті.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жыр мерекесі 3 тамызда Бұқар жырау ауданының орталығы Ботақара кентінен бастау алды. Фестиваль қонақтары дақты бабаның ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Рәсімде айтыскер ақын Дидар Қамиев арнау айтып, облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов лебізін білдірді.

– Бұл фестиваль осыдан он шақты жыл бұрын аудандық, облыстық деңгейдегі жыр сайыстарымен басталған еді. Бүгінде республикалық деңгейге көтерілді. Бұқар жыраудың қазақ тарихындағы орны бөлек. Ұлттың тұтастығына, өркендеуіне зор үлес қосқан ұлы тұлға. Бабамыздың даңқын дәріптеу арқылы болашақ ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелейміз, – деді Ербол Әліқұлов.

Республика жыршы-жырауларының басын қосқан фестивалдің ұйымдастырушысы есімі елге белгілі айтыскер ақын – Айтбай Жұмағұлов.

– Фестивальдің мақсаты – ұлттық құндылықты насихаттап, баба мұрасын дәріптеу. Сонымен қатар, Арқадағы жыр-

шы-жыраулар мектебін дамыту, – дейді ұйымдастырушы.



шы-жыраулар мектебін дамыту, – дейді ұйымдастырушы. Қатысушылар Бұқар жыраудың кесенесіне ат басын бұрып, баба рухына құран бағыштады. Алыс-жақыннан келген құрметті меймандарға ас берілді. Мәдениет үйінде өнер жәрмеңкесі ұйымдас-

тырылып, кітап көрмесі қойылды. Меймандар көшінің басында атақты жыршы-жырау Алмас Алматы бар.

кеев, Өсербай Сәрсенбайұлы, Ерболат Шалдыбеков, Айгүл Елшібаева, Ұлжан Байбосынова, Жәкен Омаров, Серік Жақсығұлов, Қазыбек Әдікей, Фархат Оразовтар өнер көрсетті. Фестиваль Қарағанды қаласында да жалғасын тапты. 4 тамыз күні Кеншілер

• БОКС

33 жеңісі бар қарсылас бұйырды

Жерлесіміз Абылайхан Жүсіповтің (3-0, 2 КО) келесі жекпе-жегінің қарсыласы белгілі болды. А.Жүсіпов 26 тамызда Тулса (Оклахома, АҚШ) рингінде 31 жастағы никарагуалық Уистон Кампоспен (33-11-6, 19 КО) жұдырық түйістірмек. Жартылай орта салмақтағы жекпе-жек сегіз раундқа арналған.

Жүсіпов – Кампос жекпе-жегі ESPN-дегі Top Rank бокс кеші аңдының бөлігі болмақ. Оның басты жекпе-жегінде жергілікті супер нокаутшы Джаред Андерсон (15-0, 14 КО) мен украин Андрей Руденко (35-6, 21 КО) рингке шығады.

Бұдан бөлек, тағы бір қазақстандық боксшы Жан Кособуцкий (19-0, 18 КО) пен нигериялық Эфе Аджабба (17-1, 13 КО) ауыр дивизионда шайқасады.

• ШАҒЫН ФУТБОЛ

Өрт сөндірушілер доп тепті

Нұра ауданында елордалық өрт сөндіруші Асқар Забикулинді еске алуға арналған құқық қорғау және күштік құрылымдар арасында шағын футболдан турнир өтті. Оған аталған сала қызметкерлерінің командалары қатысты.

«Нұра» спорт кешенінде өткен ашылу рәсімінде облыстық төтенше жағдайлар департаменті кадр саясаты бөлімінің бастығы, полковник Үмбет Каналин мен жарысты ұйымдастырушы, «Нұра арнасы» еріктілерінің жетекшісі Талғат Шолтаев қатысушыларға сәттілік тіледі.

Жиын басында адамдарды құтқару кезінде қаза тапқан өрт сөндіруші Асқар Забикулинді бір минут үнсіздікпен еске алды.

Жарыс қорытындысында I орынды Астана қаласы ТЖД қызметкерлері, II орынды Астана қаласы полиция департаменті, III орынды Қарағанды №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері иеленді.

• ХОККЕЙ

«Сарыарқа» ХК құрамы бекітілді

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы маусым алдындағы жиындарға ойыншылар құрамын бекітіп, жариялады. Сонымен, Альберт Коваль, Богдан Доненко, Жәкен Ибрагимов және Демид Еремеев кезектесіп, қақпа күзетеді.

Ал, шабуыл шебінде Евгений Григоренко, Глеб Зайцев, Мұса Гусейнов, Никита Баженов, Руслан Демин, Филипп Кнауф, Валентин Терещенко, Константин Пальмгаг, Кирилл Пономарев, Егор Дугин, Андрей Еськов, Роберт Ушев, Григорий Степанов, Владислав Жабунин, Вячеслав Белоус, Айдар Харисов, Самир Зиятдинов және Никита Игушкин бекітілді.

Қарсыластың шабуылшы жойып, алға доп жеткізуді қорғаушылар Алексей Рыжых, Никита Жульдинов, Егор Цветков, Евгений Болякин, Михаил Тарасов, Ярослав Хрипов, Артемий Грязев, Александр Денисов, Матвей Сторчай, Даир Алламов, Константин Трибунский, Аслан Совет, Дмитрий Сторожев және Игорь Климов міндетіне алды.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Қорда 1 млн. кітап

Ә.Сағынов атындағы ҚарТУ-дың баспасөз қызметінің басшысы Николай Кравецтің мәлімдеуінше, оқу орнының кітапхана қорында миллионға жуық кітап бар. 146 мың аталымнан тұратын қордың 80%-ы – оқулықтар және ғылыми кітаптар.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сондай-ақ, кітапханада университет докторанттары мен инновациялық технологиялар колледжінің студенттеріне арналған кітаптар да кездеседі.

– Бүгінде кітапхана қорын электронды кітаптармен толықтыруға басымдық берілуде. Әрі кафедра меңгерушілері жыл сайын шығарылатын кітаптар тізімін де бізге ұсынады. Шағын баспаханамыздан шығатын кітаптар авторының басым көпшілігі – студенттер. Осының есебінен рухани қор жылына 240 данаға дейін оқу құралы және монографиямен толығып отырады, – дейді кітапхана басшысы Баян Бейсембаева.

Университет ректоры Марат Ибатовтың қолдауымен оқу орны мен кітапхана заманауи технологиялармен толығып отырады. Соның бірі – цифрлы сканер. Күніне 450 беттен астам кітапты сканерлеу кітапхана қорын электронды кітаппен толықтыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, 30 мыңнан астам оқу құралы, ғылыми басылым мен жарияланым қолжетімді.

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

Қажы мешіті жөнделеді

Қарқаралы қаласындағы 170 жылдан астам тарихы бар Құнанбай қажы мешітіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Алғаш іргетасы 1851 жылы Қарқаралы округінің аға сұлтаны Құнанбай қажының бастамасымен қаланған. Түрлі тарихи кезеңге куә болған мешіт соңғы рет 2009 жылы жөндеу көрген.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мешіт алғашында округте ислам дінін уағыздап, балалардың қара танып, діни сауатының ашылуына елеулі ықпал етті. Қилы кезеңдерде мешіт жойылып кетудің аз-ақ алдында қалды. Аудан жұртшылығының ұсынысымен Қазақтың мәдени-тарихи ескерткіштерін қорғау және қайта жабықтау конструкторлық жобалау институты мамандары келіп, 1991 жылы мешітті бастапқы қалпына келтірді.

Қазақ халқының тарихында өзіндік орны бар Құнанбай қажы мешіті биыл қайта жаңармақ.

Құнанбай қажы мешітіне биыл жаңғырту және жөндеу жұмыстары жүргізіледі. 2009 жылы күрделі жөндеуден бері арада біраз жыл өтті. Маңайындағы тастөсемнің тозығы әбден жеткен. Сонымен қатар, жылу жүйесін толық жөндеу қажет. Мешіттің төбесі, күмбезі сырланып, қоршауын қалпына келтіру жұмыстары тұр. Осы мақсатта облыстан 70 млн. теңге көлемінде қаражат бөлінді. – Конкурстық жұмыстар жүрде. Алдағы бір жарым ай көлемінде жөндеуді



бастаймыз деп жоспарлап отырмыз.

Қарқаралыға сапар барысында бірқатар тарихи ескерткіштердің жөндеуді қажет ететінін көріп қайттық. Бұл қатарда шертпе күйдің шебері – Тәттімбеттің ескерткіші де бар. Егіндібұлақтың

басындағы Қаздауысты Қазыбек бидің ескерткіші маңайын да қалпына келтіру қажет. Бұл жұмыстарды келер жылдың еншісіне қалдырдық, – дейді облыстық

мәдениет сарайы мен орталық саябақта ауқымды мәдени шаралар ұйымдастырылды.

(Бұл жөнінде газетіміздің келесі санынан оқи аласыздар).

• ЖӘДІГЕРЛЕР СӨЙЛЕЙДІ

Ер-тоқым мен топатай

ғасырлар сырын бүккен көне бұйым

Өткен жылдардан сыр шертіп, тарихтан тағылым беретін орынның бірі – музей. Шет аудандық музейі де жергілікті халықтың ғасырлардан тамыр тартқан өткені мен бүгінін, жылдар қойнауындағы құндылығын, ата тарихын кейінгі ұрпаққа жеткізуде өз міндетін абыроймен атқарып келе жатыр. Өңірдің мәдениеті мен рухани ордасына айналған музейде жылдар бойы сақталып, сыны мен сырын жоғалтпаған тарих көмбесіне куә болдық.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Соның бірі – ұлттық жәдігерлер ер-тоқым мен топатай. Дәуір тарихы, этнографиясы, тарихи жәдігерлер жинақталған музейдегі қос бұйым көнеден келе жатыр.

– Көшпелі қазақ тарихында ер-тоқымның орны бөлек. Жеті қазына деп қадір

тұтқан ат әбзелінің бірі. Бұл тарихи жәдігердің иесі – Орджоникидзе атындағы колхозды ұйымдастырушы, 1937 жылғы репрессияның құрбаны болған Әйеш Көбенұлы. Бұл кісі 1989 жылы ақталады. Ұлт жанашыры тұтыңған ердің үсті қоңыр түсті былғарымен қапталған. Алдыңғы қасы оюланып, күмістелген. Ағаш және темір матриалдарын қолданған. Тарихи жәдігерді 2007 жылы музей қорына



ауыл тұрғыны Әйеш Ғабидолла тапсырды, – дейді аудандық археологиялық-этнографиялық музейдің экскурсоводы Әлия Кокина.

Музей сөресіндегі тағы бір көне бұйым – топатай. Ұлттық мәдениетіміздің ең байырғы, аса құнды колөнерінің бірі



– ағаш ыдыс. Ертеде материалдық қажеттілік ағаштан түйін түйетін шеберлердің тұрмыстық заттар жасауына түрткі болды. Әрі ағаш ыдыстардың табиғи тазалығына да баса назар аударған. Топатай – айналасы қалың, ағаштан иіп жасалған сүт немесе су құятын шұңғыл ыдыс. Ішіне құйылған сусынның ұзақ және биологиялық құрылымының сақталуына әсері мол. Бұл ыдысты ауыл тұрғыны, қазақ күресінен бірнеше дүркін түйе палуан атанған Самал Айнатаев тапсырған екен.

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ағрағат» ЖШС
Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 күшіне енген.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 396

№86 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор ЕРҚАНАТ КЕЧЕСБЕКҰЛЫ